



USAID
АМЕРИКА ХАЛҚЫНЫҢ АТЫНАН

ҚАЗАҚСТАНМЕН ӨРІПТЕСТІК



1992-2008



Бұл басылым Орта Азиядағы USAID Аймақтық миссиясының қызметкерлері мен USAID-тың Қазақстандағы гранттары мен келісімдерін жүзеге асыратын ұжымдармен бірлесе отырып дайындалған

USAID суреті
Мұқабада ACDI/VOCA суреті

МАЗМҰНЫ

USAID: АМЕРИКА ХАЛҚЫНЫҢ АТЫНАН	4
АҚШ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘРІПТЕСТІК	5
ҚАЗАҚСТАННЫҢ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА КӨШУІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ	6
Ұлттық Банк	6
Бизнес және үй иегерлерінің қаржылық қажеттіліктеріне арналған капитал нарықтары	6
Қаржылық Басқару: Бюджет, Қарыз, Табыс	7
Жеке меншік: Тұрғын үй	7
Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру	8
Кепілді зейнетақылар	9
Сауда және Инвестициялар: Әлем экономикасының бөлігіне айналу	9
Бизнес ортаны қайта құру	10
Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары	11
Микроқаржылар: Шағын кәсіпкерліктерге арналған несиелер	11
Шағын шаруа қожалықтарына арналған ресурстар	13
Нарық экономикасына қажетті сарапшы мамандар	13
ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ	15
Жергілікті су қорларын басқару және Сырдария алабы	15
Арал теңізінің тартылуы мәселесін шешу	16
Экологиялық қатерлерді азайту	16
Қоршаған ортаны қорғау саласына қажетті сарапшы мамандар	17
Мұнай секторы	17
Аймақтық электрэнергетика нарығы	18
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУТТАРҒА КӨМЕК	20
Азаматтық қоғам мен қоғамдастықтар	20
Бұқаралық ақпарат құралдары: Барлық азаматтарға тәуелсіз ақпарат	20
Жастарға азаматтық білім беру	21
Заң туралы ақпарат	22
Сайлау өткізу	22
Жергілікті өкімет: Азаматтардың саяси істерге атсалысуы	22
Сот төрешілерінің пәрменділігін арттыру	23
Қоғамдастықтардағы шиеленістерді басу	24
Қауқарсыз адамдарды қанаудың алдын алу	24
Шағын бастамаларды демеудің жергілікті арнасы	25
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҚСARTУ	26
Денсаулық сақтау жүйесінің реформасы	26
Алғашқы медициналық көмек көрсету	26
Дәлелді медициналық қызмет көрсету: Отбасылық медицина	27
Күре тамыр қысымы ауруымен күресу	27
Сәби мен бала денсаулығы	28
Репродукциялық денсаулық сақтау қызметі және жасанды түсік тастау	29
Перинатальдік күтім көрсету	30
Медициналық қызмет көрсетудегі қаржыландыру жүйесінің реформасы	31
Тиімді фармацевтикалық жүйе	33
Туберкулезді бақылау	33
АИВ/ЖИТС-ты алдын алу, бақылау және емдеу	33
Індетке дайындық	34
Медициналық білім	35
Медбике мамандығын дамыту	36
Жедел медицина	36
Онкология	36
Денсаулық сақтау ҰЕҰ-дары: Дені сау қоғамдастықтар үшін	37
2008 ЖӘНЕ ОДАН KEЙІН: БОЛАШАҚ ЖОСПАРЛАР	38

USAID: АМЕРИКА ХАЛҚЫНЫҢ АТЫНАН

USAID Қазақстанға 1992 жылдан ел тәуелсіздігін алғаннан бастап көмек көрсете бастады. Сол кезден бері Америка халқы USAID арқылы елдің экономикасын, денсаулық сақтау және демократиялық институттардың дамуына 500 миллион АҚШ доллары мөлшерінде көмек көрсетті. USAID Қазақстан Үкіметімен екі жақты келісім шарт негізінде жұмыс істейді және еліміздегі бір мемлекеттің ең үлкен донор-мекемесі болып табылады. USAID бағдарламалары министрліктермен, үкімет және қоғамдық ұйымдармен, жеке меншік компаниялармен және жергілікті қауымдастықтармен заң жүйесін жақсарту, жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру, кірісті ұлғайту, қызмет көрсету сапасын жақсарту, ресурстарды дұрыс басқару жолында ынтымақтаса жұмыс істейді. Қазақстандағы бағдарламалары біршама жергілікті және халықаралық ұйымдар, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымдарының агенттіктерімен, жеке меншік компаниялар мен қоғамдық

ұйымдармен келісім шарттар жасау мен гранттар арқылы жүзеге асырылады.

USAID және Қазақстан Республикасы үкіметі арасындағы Экономикалық даму жөніндегі Қазақстан-АҚШ Бағдарламасы (ЭДБ) бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға 2006 жылы қол қойылды. Бұл меморандум Қазақстан Үкіметінің USAID-тің экономикалық өсу жөніндегі бағдарламаларын 2006 жылдан бастап 2009 жылға дейін бірлесіп қаржыландырытыны туралы төрт жылдық келісімнің іске қосылуына себепші болды. ҚР Үкіметінің қаржыландыру үлесі жыл сайын артып отырады, 2006 жылы 25%-дан басталса, бағдарламаның аяқталар 2009 жылы 50% құрайтын болады. Бұл АҚШ Үкіметінің дәстүрлі дамуды қолдау бағдарламаларынан айтарлықтай ерекшеленіп, екі елдің арасындағы экономикалық дамудағы тығыз қарым-қатынасты және жағымды өзгерісті байқатады.

Қазақстан Үкіметі тарапынан ұсынылған қосымша қаржыландырудың арқасында USAID қолдау көрсету бағдарламаларын мерзімінен ұзағырақ жүзеге асыруына мүмкіндік алды. Жылдық бюджеті 10 миллион АҚШ долларын құрайтын ЭДБ-ның басты мақсаты Қазақстан халқының игілігі үшін Қазақстан экономикасын жан-жақты дамыту. Экономикалық даму жөніндегі Қазақстан-АҚШ Бағдарламасы келесі үш салалар бойынша түрлі шараларды іске асырады: экономикалық реформалар, шағын және орта кәсіпкерліктерді қолдау және экономикалық инфрақұрылымды дамыту. Осы үш сала аясында USAID техникалық көмек, тренингтар ұсынып, сонымен қатар Қазақстанның даму мақсаттарына жетуде үкіметпен, жеке меншік сектормен және үкіметтік емес институттармен өзара жұмысты қамтитын он шақты көпжылдық жобаларды жүзеге асырады.



«USAID-тың Қазақстанмен соңғы 15 жыл ішіндегі әріптестігі елеулі болды. Қазақстанда болып жатқан экономикалық және әлеуметтік өзгерістер осы керемет елдің еркі мен рухына байланысты болды. USAID осындай мемлекетке одақтас болып, қуатты серіктес болып отырғанын мақтан етеді. Болашақта да қарым-қатынасымыз жалғасын таба береді деген сенімдеміз».

Вильям М. Фрей
Директор
USAID Орталық Азиядағы аймақтық өкілдігі

АҚШ және Қазақстан арасындағы ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘРІПТЕСТІК

Соңғы 15 жыл ішінде Қазақстан экономикасы мықты, өркениетті, табысты мемлекетке айналды. 2000 жылдан бастап Қазақстан әлемдік экономикалық жүйеде нарықтық экономикаға кең ауқымды көшуінде жаңа сатыға көтерілді. Өткен жылдары Қазақстан мемлекеттік қарызды өтеу үшін табиғи қорларынан түскен табысты пайдаланып келді. 2002-2006 жылдардан бастап жан басына түсетін жалпы ішкі өнім 55%-дан асты, инфляция деңгейі біршама өскенімен, мемлекеттік бюджет артылып қалды, мемлекеттік қарыз қысқарды, ал сауда балансы нөлге теңесуге жақын қалды. Аймақтар, қалалар мен ауылдық жерлер арасында айырмашылықтар орын алғанымен, жалпы жұмыссыздық деңгейі азайды.

Қазақстанның экономикалық жағдайының жақсарғанын Дүниежүзілік Экономикалық форумның жариялаған тоғыздан астам экономикалық салалардағы категориялар жиынтығын қамтитын Әлемдік Бәсекелестік индексіне алатын орны айқын көрсетеді. 2007 жылы Қазақстан жалпы көрсеткіш бойынша әлемнің барша елдерінің бірінші жартылығына кіріп,

Орталық Азиядағы көршілестерінен әлдеқайда алда болды.

Аталған салалардың баршасында Қазақстан жетістіктерге жеткенімен, экономикалық басқару саласын ерекше атап өтуге болады. Жекешелендіру мен экономиканы әртараптандыру - қоғамдағы көптеген игіліктердің қайнар көзі болып, тұрақты экономикалық дамудың арқасында халықтың өмір сүру деңгейінің жақсарғанын көрсетті.

Қазақстанның 2010 жылы Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық етуі Қазақстанның ашық және қуатты демократиялық қоғамды құру мүмкіндігін ашады; Үкімет саяси процестердің ашығырақ, ал бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздік болу керектігін мойындайды. Үкімет денсаулықты жақсартудың тиімді жолдарын көрсетіп берді. Отбасыларға дұрыс медициналық қызметті қамтамасыз етуге қажетті ресурстар қазіргі уақытта облыстарда, аудандарда қол жетімді бола бастады.

USAID Стратегиясы


USAID төрт стратегиялық бағыттар бойынша Қазақстанның демократиялық қоғамға және нарықтық экономикаға көшуінде қолдау көрсетеді:

- Экономикалық қайта құру: әлемдік бәсекеге қабілетті экономиканы басқаруға қажетті қаржы институттарын құру және әртарапты жеке сектордың дамуын қолдау;
- Қоршаған орта мәселелері және энергетикалық ресурстар: елдегі ұйымдардың қоршаған ортаға қатысты басты мәселелерімен айналысуына мүмкіндіктер туғызу және өміршең энергетикалық нарықты құру;
- Демократиялық институттар: ұлттық басымдықтар мен бағыттарды айқындауда азаматтардың қатысуына мүмкіндіктер беру;
- Денсаулық сақтау жүйесін жақсарту: балалардың денсаулығынан бастап жанұялардың денсаулық жағдайын жақсарту арқылы адамдық ресурстарға инвестициялау, жұқпалы аурулармен күресу.

1-Диаграмма: USAID 1992 жылдан бастап Америка халқының атынан Қазақстанның экономикалық, денсаулық сақтау және демократиялық институттарын дамытуға 520 миллионнан астам АҚШ долларын жұмсады.

Экономика, экология және энергетика салаларына қолдау көрсетуге \$285,6 млн., 55%

Денсаулық сақтау жүйесін жақсартуға \$84,2 млн., 16%



Басқа қолдау бағдарламаларына \$29,3 млн., 6%

Демократиялық институттарды дамытуға, \$118,2 млн., 23%

ҚАЗАҚСТАННЫҢ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА КӨШУІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ



2002 жылы USAID Астанада өткен алғашқы жыл сайын өткізілетін «Кіші және Шағын кәсіпорындарға көмек көрсету» номинациясында ең үздік донор атағына ие болды. Кәсіпкерлер Форумы мен Табиғи монополияларды реттеу мен шағын бизнесті қолдау агенттігі демеушілік еткен бұл мереке, Қазақстанның егемендігінің он жылдығына орай жергілікті кәсіпкерліктер мен халықаралық донорлық ұйымдардың жетістіктерін атап өтті.

Прагма Корпорациясының суреті

Ұлттық Банк

1990 жылдардың басында USAID Қазақстанға қазіргі таңда аймақта жетекші рөлді атқарып отырған коммерциялық банктер мен құнды қағаздар нарығын басқаруға қолғабыс етті. Ресурстарды тиімді жұмылдыра алмау - өтпелі кезеңдегі экономикалық өсуге басты тосқауыл болған.

1995 жылдан бастап USAID Қазақстанның Ұлттық Банкіне осы заманғы коммерциялық банк секторының негізін қалаған тәуекелге негізделген тиімді банктік бақылауды жүзеге асыруға атсалысты. Аталған қолдаудың нәтижесінде ҚР Ұлттық Банкі ауқатсыз банктерді жауып, лицензиялау рәсімдерін қатаңдату арқылы капиталдандыруды жақсартуда банктар санын 230-дан 75-ке дейін қысқартты. USAID Ұлттық Банке тиімді монетарлық саясатты жүргізуде әлі де қолдау көрсетіп келеді, сонымен қатар қаржы секторын бақылау мен мониторинг жүргізу потенциалын күшейтуде жұмыстар атқарып жатыр. Бұл Ұлттық Банктің нағыз саяси өзгерісті жүзеге асыра алатын тәуелсіз мекеме ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызды. Жұмсалған күш-жігердің нәтижесінде 50 шақты ауқатсыз банктар жабылып, Қазақстанның банк секторы өміршең бола бастады.

USAID сонымен қатар Қазақстан банктеріне депозиттарды сақтандыру мен 1999 жылы халықаралық банктік қадағалау нормаларын енгізуге қол ұшын берді. 1999 жылы жеке депозиттар жалпы ішкі өнімнің 9% құраса, ал 2006 жылы бұл үлес 35%-дан асты.

Бизнес және үй иегерлерінің қаржылық қажеттіліктеріне арналған капитал нарықтары

USAID Қазақстанға капитал нарығын құруға қажетті заңдар, ережелер және инфрақұрылымды дайындауда және жүзеге асыруда қолдау көрсетті. USAID құнды қағаздар жөніндегі тәуелсіз Комиссияның негізін қалауға көмектесіп, 1995 жылы Алматыда мемлекеттегі алғашқы жеке меншік биржаның ашылуына ат салысты, сонымен бірге жаңадан пайда болған құнды қағаздар нарығын тиімді бақылау тетіктерін қамтамасыз ету үшін құнды қағаздар мен депозитариялардың сенімді тіркелуін дамытуда қолғабыс етті. Делдалдардың еңбек өнімділігі мен ашықтылығы артты; мемлекеттік мекемелердің заманауи реттеу және құқық қолдану тетіктерін пайдалану мүмкіндіктерін күшейтуде қолдау көрсетілді. USAID негізгі/институционалды инвесторлар үшін тәуекелдігі ең төмен болатын инвестициялық өртараптандыруды қолдайтын, сонымен бірге Қазақстан экономикасында несие көлемін ұлғайтуға септігін тигізетін акционерлік капиталда (немесе үлескерлік) қатысуға негізделген, шығарылған борыштық және қаржылық инструменттердің жеткілікті мөлшерін дамытуға көмектесті.

Ипотекалық несиелеуді ары қарай нығайту мақсатында ипотекалық несиелеу инфрақұрылымының дамуын қолдай отырып, USAID ипотеканы кепілдендіру стандарттарын, несие құжаттарын дайындауда, ипотекалық несиелеумен айналысатын қызметкерлерді оқыту мен сертификациялауда жұмыстар атқарды. Нәтижесінде, 2005 жылы ипотека индустриясы әсерлі нәтижелерді көрсетті: тұрғын үй және кепілдікке салынған жылжымайтын мүлікті несиелендіру 564

миллион АҚШ доллардан астам соманы құрап, 2004 жылмен салыстырғанда 200 миллион долларға артты, ал ипотекалық несиелеу проценттері 1999 жылғы 27%-дан 13%-ға дейін төмендеді. USAID үй иеленудің қол жетерлік болуын несиелеу мерзімін ұлғайту және пайыздық мөлшерді азайту арқылы қамтамасыз еткен жетекші ұйым - Қазақстан Ипотекалық Компаниясының негізін салуға көмектесті.

USAID жәрдемімен 2000 жылы құрылған корпоративтік облигациялар нарығы айналымдағы облигациялар құнын 2 миллиард АҚШ долларына дейін өсірді. 2002 жылы енгізілген ипотекалық құнды қағаздар қазіргі уақытта 300 миллион доллар тұратын өтелмеген ипотекалық облигацияларды құрайды. USAID сонымен қатар Ұлттық Банк пен ірі жеті коммерциялық банктерге несиелеу бюросын құруға жәрдем берді, ал бұл мемлекеттің қаржы секторын ары қарай нығая беруіне, азаматтар мен кәсіпкерлерді қаржыландыру мүмкіндіктерінің кеңеюіне септігін тигізеді.

Қаржылық Басқару: Бюджет, Қарыз, Табыс

USAID қаржы реформасы саласындағы жетекші донорлық ұйым болып табылады және Қазақстанға табиғи қорлардан түсетін аумақты табысын басқаруда орынды қаржы саясатын табысты жүзеге асыруға қол ұшын береді. Салық табысын жинауға да аса көңіл бөлінді.

USAID мемлекеттің микроқаржылық кәсіпорындардың дамуына, өсуіне, мемлекеттік кәсіпкерлерге қаржылай көмек көрсететін микроқаржылық институттардың дамуына қолдау жасайды. USAID-тің Орта Азиядағы Микроқаржы Альянсі бағдарламасы (CAMFA) Қазақстанның Микроқаржы ұйымдарының қауымдастығына (Алматы) осы секторда қызмет көрсетуге және елдегі микроқаржы мәселелерін алға жылжытуда қолдау көрсетеді.

ACDI/VOCA суреті

USAID кеңесшілері бұрынғы Кеңес Одағы Республикаларында енгізілген кодекстардың ішіндегі ең тиімді және объективті деп танылған 1995 жылы енгізілген жаңа салық кодексін дайындауда маңызды рөл атқарды. Аталған кодекс экономикалық дамудағы ауытқуларды төмендетуге және жүйенің әділдігі мен ашықтығын айтарлықтай арттырып, Қазақстан, Өзбекстан мемлекеттері кодексінің жобасын жасауда үлгі ретінде пайдаланылды. Нәтижесінде салық алымдары кенеттен жоғарылады. 1995 жылы USAID осы салада түбегейлі істер атқара бастаған кезде салық алымдары жалпы ішкі өнімнің 12%, ал қаржы берешегі 6%, инфляция 60% құрайтын еді. 1999 жылы салық алымы жалпы ішкі өнімнің 14%, қаржы берешегі 2%-ға дейін төмендеп, жылдық инфляция деңгейі 18% ғана құрады. USAID Салық кодексінде 2002 жылы белгіленген кейінгі түзетулерді дайындауға атсалысты. Осының нәтижесінде Кодексті түсіну және іс жүзінде қолдану айтарлықтай жеңілдеді. 2006 жылы салық алымдары жалпы ішкі өнімнің 26.8% құрайтын болды, ал қаржы берешегі мүлдем жойылып, инфляция 8.6% құрады.

Бюджетті дайындау процесіне келсек, USAID кеңесшілері Қазақстанға орта мерзімдік экономикалық болжауды пайдалануды және бюджеттің шығыс бөлігін жақсырақ жоспарлауға кеңес берді. Кеңесшілер ҚР Үкіметіне бюджеттік жоспарлау және бақылаудың тиімді болуына септігін тигізетін жетекші құрал ретінде кіріс пен шығысты қадағалау жүйелерін құруға жәрдемдесті. Зама-

нау автоматтандырылған шығысты басқару жүйесін орнатуға және сыртқы қарыздарды басқаруға қажетті құқықтық негізді қалауда қолдау көрсетті. USAID кеңесшілерінің ұсыныстарына сүйеніп отырып, ҚР Үкіметі бұрынғы Кеңес Одағындағы алғашқы осы тектес инновациялық табиғи ресурстардан түсетін табыс үшін арналған офшорлық қорды құрды. Бұл қор Қазақстанның мол табиғи байлықтарынан түсетін табысты ұзақ мерзімдік басқаруға, табиғи ресурстарға бай басқа мемлекеттерде орын алған макроэкономикалық теңгерімсіздікті алдын-алуға мүмкіндік береді. 2007 жылдың қыркүйек айында Ұлттық Қордың активтері \$18.7 миллиардқа жуық соманы құрады.

Жеке меншік: Тұрғын үй

1992 жылдан бастап, USAID жеке меншік жылжымайтын мүлік және тұрғын үй нарығының дамуына өз үлесін қосты. Қолдау барысында Президенттің Қаулысына сәйкес тұрғын үй нарығын нарықтық экономикаға көшіруге аса көңіл бөлінді. USAID өзінің пилоттық жобасы арқылы Алматыдағы тұрғын үй шаруашылығы мен басқаруды жекешелендіруге көмектесті; қалалық жер туралы жаңа саясатты дайындауға, оның ішінде ипотекалық қаржыландыру туралы заңның шығуын және Жер кодексінің қайта қаралуын қолдады; Қапшағай мен Талғар қалаларында нарыққа негізделген жалға беруді енгізу жөнінде демонстрациялық жобаны іске асырды; Алматы қаласының жаңа жер кадастрін жасауда қолдау көрсетіп, жер





USAID-тың «Фермерден Фермерге» бағдарламасы кәсіпкер Олжабай Мұсабайдың құнақы саңырауқұлақ өндіру шағын бизнесін алдағы орындардағы өндірушілердің біріне айналдырды. Мұсабай мырза қозықұйрық саңырауқұлақтарын өндіреді. Осы бағдарлама арқасында кәсіпкер іргелес егу алқабы бар ауқымды пастеризациялау тунелін салды және алты қызметкер жалдап, 2001 жылдан бері аталған жаңа орында саңырауқұлақ өндіруде. Екі жыл ішінде кәсіпорын жылына 15 тонна саңырауқұлақ өндіріп, Алматы қаласының саңырауқұлақ нарығындағы жалпы қозықұйрықтың 10% қамтамасыз етеді.

Винрок Интернэшнл суреті

салығын салу аясында қаржы кадастрі бойынша жұмыстар атқарды.

1996 жылы USAID бағдарламалары әсіресе Алматы мен Семей қалаларында жекешелендірілген көп пәтерлі тұрғын үйлерді басқару үшін тұрғын үй қауымдастықтарын құруға үлесін қосты. 1996 жылы тұрғын үй кооперативтерінің саны 1300 жетіп, ай сайын 200-ге өсіп отырды. USAID қауымдастықтарды құру, тұрғын үй субсидиясы салаларында және қызмет көрсету келісімшарттының тиімді болуын қамтамасыз етуде елеулі қолдау көрсетті. Нәтижесінде, 1997 жылға дейін құрылған кондоминимумдар саны 4000-нан асып, қоқыс жинау, ғимараттарды ұстау сияқты жеке қызмет түрлеріне деген сұраныс артты. Аталған кондоминимумдық қауымдастықтар өздерін 22 аймақтық топтарға жіктеп, кейіннен үй иегерлері кооперативтерінің ұлттық қауымдастығын құрды. USAID қолдаған жалпыұлттық тұрғын үй субсидиясы бағдарламасы - тұрғын үй субсидиясымен айналысатын, сонымен қатар коммуналдық қаражаттандырудың қажетті бағдарламасын басқаратын 110 орталықтар арқылы 174 мыңнан астам жанұяға жеткізіліп, азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасының жақсаруына, мемлекет бойынша муниципалитеттердің шығындарының өтеліуіне алып келді. USAID-тің пилоттық жобасының нәтижелеріне сүйеніп, Үкімет коммуналдық шығындардың толықтай өтелуі жөніндегі саясатты дайындап, жүзеге асырды. Осының арқасында кейбір бірлестіктер шығындарын 30% үнемдеді.

Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру

1996 жылға қарай USAID Қазақстанның шағын және жаппай жекешелендіру бағдарламаларын жүзеге асыруға үлес қосқан ең үлкен сыртқы донорлық ұйымға айналды. USAID қаржыландырған сарапшылар тобы жекешелендіру процесінің әртүрлі қырлары бойынша жұмысқа тікелей қатысты, олардың қолдауының арқасында тіркестіруге шығындалатын уақыт мөлшері он есеге қысқарды. USAID тарату жүйелерін демонополизацияландыруға

және қайта құруға, жеке секторда бәсекелестікті күшейтуде біршама шараларды жүзеге асырды. Аталған жәрдем Қазақстан Үкіметіне жаппай жекешелендіру бағдарламасы аясында купондық жекешелендіру кезеңін аяқтауға мүмкіндік берді. USAID мемлекет меншігінде болған орта және ірі кәсіпорындардың қолма-қол есеп айырысу аукциондарын ұйымдастыруға қажетті аукцион ережелерін және басқа да құжаттарды дайындауға атсалысты. Сонымен бірге, USAID аукциондарды, өлкелік жекешелендіру комитеттерін ұйымдастыруға техникалық қолдау көрсетті. 1997 жылдың соңына қарай Қазақстан 17,000-нан астам мемлекет меншігіндегі шағын және орта кәсіпорындарды немесе елдің мемлекет меншігіндегі кәсіпорындардың 70% жекешелендірді. Оған қоса, USAID кеңесшілері Қазақстан лауазымдыларымен біргелесіп баға мен табыс деңгейлері бақылауға алынуға тиісті компаниялар санының қысқаруына ықпал еткен монополияға қарсы шараларды жүзеге асыруда жұмыстар атқарды, бірнеше ірі холдингтік компаниялардың таратылуына әсер етіп, бәсекелестікті және шетелдік компаниялардың қатысуын ынталандырушы сақтандыру мен нормативті-құқықтық негіздерді дайындауға жәрдемдесті. USAID көмегі Қазақстандағы жеке кәсіпкерліктің дамуы мен өсуіне де ықпал етті. USAID кеңесшілері жаңадан жекешелендірілген және пайда болған жеке фирмалардың әлем экономикасында бәсекелесу қабілеттіліктерін нығайтуға атсалысты. 1995 жылы USAID осы салада жұмыс жасауды бастаған кезде жалпы ішкі өнімнің 25% жеке кәсіпорындардың есебінен құралған еді. 2006 жылы бұл көрсеткіш 65% жетті. Сонымен қатар, USAID энергетикалық секторды жекешелендіруге қажетті түбегейлі құқықтық және қалыптық негіздерді дайындауға елеулі үлес қосты.

Кепілді зейнетақылар

USAID-тың түбегейлі қолдауының арқасында Қазақстан 1998 жылы жаңа зейнетақы жүйесін іске қосып, ұзақ мерзімді қаржылық және де саяси, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамыз етуге үлесін қосты. 1999 жылдың соңына қарай, басталуынан араға

екі жыл салып, зейнетақы жүйесі 467 миллион АҚШ долларына жетті, инвестициялауға бағытталған үдемелі қаражат қорына үстеме болды және де қарт адамдар үшін экономикалық қауіпсіздікті арттыруға атсалысып, азаматтарға таңдау мүмкіндігін туғызды.

Осы көмектің нәтижесінде 1999 жылға дейінгі зейнетақы жарналарының жартысынан астамы жеке қорларға құйыла бастады. Зейнетақы қорларының инвестициялау балаларын ұсыну мақсатында USAID нарық қатысушыларына корпоративтік қаржы мен инвестициялық банк жөнінде кеңестер берді. The Financial Times (1-шілде 1999 жыл) газеті басып шығарған мақалада «Қазақстанның зейнетақы бағдарламасы осы тектес бағдарламалардың арасындағы ең маңызды ретінде ескеріліп, USAID бағдарламасы «көрнекті жетістік» деп сипатталады.

Сауда және Инвестициялар: Әлем экономикасының бөлігіне айналу

Қазақстан Үкіметінің Сыртқы Сауда Тәртібіне қатысты меморандумы USAID қаржыландырған кеңесшілер көмегімен дайындалып, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына 1999 жылдың шілде айында ұсынылды, сөйтіп Қазақстанның аталған ұйымның құрамына енуіне негізгі қадам жасалды. USAID Қазақстан Үкіметіне Женевада 1997 жылы өткен келіссөздердің бастапқы раундына

дайындалуда техникалық қолдау көрсетті. Осы жолғы ресми арыз беру мен бастапқы келіссөздер жүргізу арасындағы шығындалған мерзім ДСҰ тарихындағы ең қысқасы болып танылып, бастапқы арыз берудің жоғары деңгейде дайындалғанын көрсетті. Үкімет USAID қаржыландырған кеңесшілермен біргелесіп, ДСҰ-ға кіру талаптарына сәйкестендіру реформаларын жасап шығарды:

- Кедендік бақылау және лицензиялау тәртіптерін жетілдіру,
- Шетелдік инвестициялар туралы заңды нығайту,
- Экспорттық тарифтарды азайту және екі рет тіркеуді тоқтату мақсатында Кеден Заңына түзетулер енгізу,
- Сауданы қорғау туралы Заңды қабылдау,
- ДСҰ талаптарына сәйкестендірілген өтем бажы, демпингке қарсы және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты қабылданған заң,
- Халықаралық төрелік сотқа қатысты лицензиялар және
- Зияткерлік меншік құқығын (ЗМҚ) қорғау жүйесін және аталған құқыққа қатысты сауданың басқа қырларын ДСҰ талаптарына сәйкестендіру.

USAID-тың жылдар бойы көрсеткен техникалық қолдауы Қазақстанның кедендік тәртібінде келесі жағымды өзгерістердің орын алуына ықпал етті: кедендік тексеру мен құжаттарды толтыру кезіндегі бөгелістердің азаюына; импорттауға, экспортауға және қайта экспорттауға қатысты кедендік рәсімдерді және кедендік декларацияларды толтыруды жеңілдетуге/жедел-

детуге және ұғындыруда; өтініштердің кедендік ережелерге дәйекті түрде сәйкес келуін, сонымен бірге кедендік тәртіптің ДСҰ шарттары мен ұстанымдарына сай болуын қамтамасыз етуде.

Сауданы ырықтандырумен қатар USAID кеңесшілері шетелдік инвестициялар туралы Заңды жетілдіруге оның ішінде инвесторлардың кіру, талқылау, кепілдіктер, даулы мәселелерді шешу және экспроприацияға қатысты құқықтарын нақтылап айқындап беруде жәрдемдесті. Енгізілген түзетулер мен инвестициялық тосқауылдардың төмендеуінің салдарынан инвесторлар үшін жағдайлар жақсарды.

USAID сауда шектеуліктерін азайту мақсатында мемлекет бойынша Консультативті кеңестер санын 27 дейін өсуіне қолдау көрсетті. Шекара маңы сауда тосқауылдарын анықтау және оларды төмендетуге бағытталған Консультативті кеңестер жеке бизнесер мен үкімет өкілдерінен құралады. 2005 жылдың қазан айында АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райс үкіметтер мен донорларды бірге жинау үшін АҚШ-Орталық Азия Сауда және Инвестиция Құрылымын ұсынды. Мақсаты - ашық және алдынала болжауға болатын ортаның бөлігі ретінде қарастырылатын кедендік бақылауды жеңілдету. Осы бастаманың аясында USAID Транзиттік тасымалдау шығындары (нарықтық шығындар) жөнінде зерттеулер мен талдаулар жүргізді, атап айтқанда халықаралық

Какимова Гүлнар Кеңесқызы өзінің наубайханасын ашуды армандаған, бірақ банктер бизнес жоспар дұрыс құрастырылмаған деген себеппен несие өтінішін қанағаттырмаған. Өзінің алға қойған мақсатына жету үшін Гүлнар USAID-тың Кәсіпкерлікті Дамыту Орталығының Астанада өткізген бизнес жоспарлау курсына қатысты. Курста алған білімін қолданып, Гүлнар жаңа бизнес жоспар дайындады, Нәтижесінде оған несие берілді. Несиесінің бір бөлігі 2006 жылдың қарашасында берілді, ал қазіргі кезде наубайхана кызу жұмыс жасауда.

Прагма Корпорациясының суреті



транзиттік коридорлармен өтетін бір жүк машинасына кететін қашықтық, уақыт және басқа шығындар көлеміне талдау жасалды.

USAID сауданы ынталандыру және нарыққа кіруді жеңілдету үшін ДСҰ талаптарына сәйкес сауда саясаты мен жылдамырақ транзиттік және кедендік бақылау бойынша қолдау көрсетіп келеді. Бизнеске байланысты құқықтық реформалардың жүзеге асырылуын жақсартуда, әкімшіліктік іс жүргізуді жеңілдетуде және аймақтық шағын және орта кәсіпкерліктердің пайдалына функционалдык көрсеткіштерді жақсартуда USAID үкіметпен және жеке сектормен бірлесе қызмет атқарып келеді.

Бизнес ортаны қайта құру

USAID көмегімен Қазақстан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қажетті бастапқы нормативті-құқықтық негізді қамтамасыз ететін коммерциялық құқық саласында біршама заңдарды қабылдады. Экономиканың әртараптануын қолдауға және кәсіпкерлікті бастауды және жүзеге асыруды жеңілдету үшін USAID өз қызметін бизнестегі тосқауылдарды жеңуге, сонымен қатар жергілікті және шетелдік кәсіпкерліктерге пайдалы болатын еркін нарықтың заңнамалық, реттеу ортасын құруға жұмылдырды. USAID-тің Қазақстан бизнес бірлестіктері арасында өткізілген сұраунама нәтижелеріне сүйеніп, дайындаған мәселелердің

нақтыланған талдауы, 1995 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаевпен келесі реформаларды ынталандыру мақсатында таратылды. 1996 жылы USAID кеңесшілері жыл сайын 170 кәсіпкерлікті қолдау топтарына көмек көрсетіп отырды.

1996 жылы Қазақстан экономикалық трансакциялар қатынасына түсетін жақтардың құқықтарын айқындайтын және қорғайтын кешенді заңдарды қабылдады. Түсіністік туралы Келісім арқылы Қазақстан мен USAID 30 коммерциялық құқықтарды ары қарай дамытуды бірігіп атқаруға келісті. USAID-тың қолдауымен еркін нарыққа бағытталған, банкроттық, шетел инвестициясы мен сатып алулар туралы заңдар қабылданды. Баға мен табыс деңгейі бақылауға алынуға тиісті компаниялар саны күрт азая бастады. USAID-тың жәрдемімен 2000 жылы Қазақстан кәсіпкерліктерден талап етілетін лицензиялардың санын 65% төмендететін, еркін экономикалық қызмет етуге қажетсіз шектеуліктерді жоятын және коррупция мүмкіндіктерін қысқартатын заңдарды қабылдады. Сонымен қатар, USAID жеке бизнестің құқықтық негізін қамтамасыз ететін сауда қызметін реттеу туралы заңды жетілдірумен айналысатын Заң жобасын дайындау институтының құрылуы мен қызмет етуіне септігін тигізді. Сауда қызметін реттеу туралы заңдар кәсіпкерлік қызметті қолдау үшін әділетті, болжамды, ашық түрде орындалуы тиіс болғандықтан, USAID 2000 жергілікті сот әкімшілігінің қызметкерлері мен сенімді өкілдеріне сауда мен инве-

стиция, банкроттық реформасы, жалпы кәсіпкерлік қызмет құқығы жайлы тренингтар өткізді.

Тек қана 2003-2006 жылдар арасында USAID Қазақстанның 21 қаласында 40-тан астам реформаларды жылжытқан 35 серіктес ұйымдарға қолдау көрсетті. Ұлттық, облыстық деңгейде шағын және орта бизнестің өсуіне кедергі болатын құқықтық және тәртіптік шектеуліктерді анықтау және жою мақсатында USAID-тің заң кеңесшілері шағын және орта бизнес қауымдастықтарына арнап дайындық курстарын өткізді. USAID қолдауымен болған оң өзгерістер қатарына 2004 жылғы Кеден Кодексі мен ондағы түзетулер, сауда қоймасы рәсімдерінің жеңілдетілуі, 600-ден астам биржа делдалдары үшін жүк инспекциясының күшін жойған «тәуекелдігі төмен» классификациясының енгізілуін жатқызуға болады.

2003 жылы құрылыс саласын реформалаудың алғашқы кезеңінде қабылданған Құрылыс саласын реформалау мен модернизациялау талаптары құрылысқа кететін уақыт пен құрылыс саласын тексеретін мекемелер санын қысқартты. USAID туристік компаниялары үшін міндетті болған қызмет көрсету сертификациясын, соның ішінде ауыртпалы сәйкестендіру талаптарын жоюға және зияткерлік меншікті жүзеге асыру тетіктерін нығайтуға атсалысты. USAID көмегімен дайындалған жаңа «Жеке кәсіпкерлік қызметі туралы Заң» 2006 жылы кәсіпкерліктерді мемлекет тара-



Петропавлдағы «Молочный Союз» сүт өндіру зауыты 2001 жылы жылына 5500 тонна шикі сүт өндіретін. Олардың өнімі аса сұранысқа ие болғанмен, бұл сұраныс қоршаған ортаның ластануына әкеліп соғатын. Күніне 5000 литр іркіт жергілікті өзенге төгілетін. USAID сарапшысы іркітті бірнеше ірімшік түрлерінде және де басқа өнімдерде қолдану технологиясын ендіруге көмектесті. Осы кеңестің арқасында зауыт ортаның ластануын азайтып, келесі жылы кірісті 10 пайызға арттыруды жоспарлауда.

Прага Корпорациясының суреті

пынан реттеу шектеуліктерін қабылдап, кәсіпкерліктерге әсер етуі мүмкін деген әрбір жаңа заңға реттеудің ықпалы туралы талдауды талап етеді. USAID Үкіметке Солтүстік Америка, Еуропа және Азиядағы 27 мемлекет азаматтары үшін жеңілдетілген визалық тәртіпті енгізуге, Шағын және орта бизнестердің қол жетімділігін арттыру үшін мемлекеттік тендерлерге қатысуда алынатын төлемді азайтуға, кәсіпкерлікті ашуға, тереңірек институционалдык тексерулер реформасын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін 2008 жылғы жеке секторды тексеруге мораторий жариялауда қолдау көрсетті.

USAID жобалары мемлекеттік және жеке сектор ұйымдарына Қазақстанда бизнеспен айналысу жағдайларын жақсартуда көмек қолын созып келеді.

Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары

Қазақстан тәуелсіздігін алған кезде мемлекет тиімді экономикалық шешімдер жасауға бір үлгідегі, нанымды қаржылық ақпаратқа ие емес еді. Ұқыпты, сенімді қаржылық ақпарат болмаған жағдайда жеке меншік отандық және шетелдік фирмалар, банктер, үкіметтер бизнеске қатысты негізгі шешімдерді қабылдай алмайды. USAID Қазақстанның Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарын халықаралық инвестицияны тарту көзі ретінде қабылдауына ынталандырып, үкіметке өту процесіне дайындалуға көмек

берді. 1996 жылы Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағы Республикаларының арасында ең алғаш болып бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарын қабылдады, ал 2000 жылға дейін 2000-ға жуық Қазақстандық кәсіпкерліктер жаңа стандарттарға көшті. USAID жаңа стандарттарды үйрету бағдарламаларын жасауда, мемлекеттік тәлімгерлер тобын дайындауда, бухгалтерлік есеп бойынша халықаралық деңгейде танылған дәрежелерді алу үшін тапсырылатын тесттерді, сертификациялауды өткізуге көмектесті. USAID жәрдемімен 2007 жылдың соғына қарай Қазақстанда 4000 бухгалтерлер Сертификацияланған маман бухгалтер (CAP) немесе сертифициаланған халықаралық кәсіби бухгалтер (CIPA) дәрежелеріне иеленсе, сертификациялау органы рентабельді бола бастады.

USAID Қазақстандық университеттердің оқу бағдарламаларына бухгалтерлік есеп бойынша жаңа бағдарламаны енгізуге көмектесіп, оны үйретуге елдің экономикалық университеттерінен 160-қа жуық мұғалімді дайындап шығарды. Бағдарлама жыл сайын шамамен 300 мың студентті оқытып, университет бітірушілерінің кәсіпкерліктер мен фирмалардың талаптарына сай келетін жоғары кәсіби дәрежені иеленетініне кепілдік береді.

1999 жылы USAID елдің аудит саласын жақсартуға жәрдемдесе бастады. USAID кеңесшілері ҚР Үкіметіне аудит саласының стандарттарын

айқындайтын, аудитор квалификациясы бойынша талаптарды белгілейтін және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға аудиторларды сертификациялау өкілеттігін беретін аудит қызметі туралы заңды қабылдауға қолдау көрсетті. 2002 жылы Есеп Комитеті (Қазақстан Республикасындағы ең жоғарғы қаржылық бақылау ұйымы) өзінің қызметін жетілдіруде USAID-тан қолдау сұрады. USAID-тың жәрдемімен Қаржылық бақылаудың ең жоғарғы органдарының халықаралық ұйымы шығарған, Халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген аудит стандарттары дайындалды. Аталған стандарттар қазіргі уақытта барлық деңгейлік, ішкі және сыртқы, мемлекеттік секторға жататын аудиторлық топтар үшін қолдануға міндетті болып табылады.

Сонымен бірге, бағдарлама тиімділігін бағалау және пилоттық тексерулерді өткізу, мемлекеттік сектордың 2007 жылға дейінгі қаржылық бақылауын жан-жақты қамтитын қаржылық бақылаудың стратегиялық жоспарын жасау бойынша дайындық жүргізілді.

Микроқаржылар: Шағын кәсіпкерліктерге арналған несиелер

USAID шағын кәсіпкерліктерге қолдау көрсетуді 1996 жылдан бастады. Басты міндеттердің бірі шағын несиелерді кепілдіксіз беруде қажетті заңнамалық негізді құру еді. USAID басқа үкіметтік емес ұйымдар тобымен біргелесіп «банктік емес қаржылық

USAID Т.Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық Университетіне елдегі университеттерде оқытылатын бухгалтерлік есептің жаңа оқыту бағдарламасы мен оқытудың жаңа стандарттарын дайындауда көмек көрсетті. 160 экономика университеттерінің профессорлары бухгалтерлік есепті бағдарламасын мемлекеттік жаңа стандарттарға сай дәріс беруді үйренді. Бағдарлама жыл сайын шамамен 300 мың студентті оқытып, университет бітірушілерінің кәсіпкерліктер мен фирмалардың талаптарына сай келетін жоғары кәсіби дәрежені иеленетініне кепілдік береді. «Бұл бағдарлама біздің бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына көшуімізге көмектеседі» - дейді Бухгалтерия мен Аудит кафедрасының меңгерушісі Седеп Міржақыпова.

Прагма Корпорациясының суреті



институттарды» құру арқылы банк қызметін реттеуді дамытты. 1997 жылы USAID Қазақстандағы ең алғашқы банктік емес қаржылық институты KazMicroFinance микроқаржылық ұйымының (бұрынғы Қазақстан Несиеу Қоры) негізін қалады. Бүгінгі таңда ұйымның Қазақстан бойынша 24, 000 кәсіпкерліктерге несиелік қызмет көрсететін 8 бөлімшесі бар, оның ішінде бесеуі USAID жәрдемімен ашылған. Forbes Magazine журналы жариялағандай 2007 жылы KazMicroFinance әлемдегі ең таңдаулы 50 микроқаржылық ұйымдардың санатына енді.

2006 жылы тұрақтылық жағдайын жақсарту мақсатында USAID келесі төрт микроқаржылық ұйымдарға - Алматыдағы Азия Несие Қорына (Семей қаласында бөлімшесі бар), Шымкенттегі Фермерлік Қорға, сонымен бірге ДАМУ және Орал қаласындағы Батыс Қазақстан Қорына қолдау көрсетті. Техникалық көмек пен жан-жақты тренингтар арқылы аталған микроқаржылық ұйымдар өздерінің ішкі және тұрақтылық жағдайын жақсартып, ірі кредиторлардан қаржы тарту мүмкіндіктерін арттырды. 2006 жылдың қыркүйек айында осы микроқаржылық ұйымдар 23 мыңнан астам клиенттерге қызмет көрсетіп, 27 миллион АҚШ долларын құрайтын тәуекелдігі 2%-дан төмен жиынтық несие портфеліне ие болды. 1994-2002 жылдар аралығында шағын және орта кәсіпкерліктерді құру мен кеңейтуді жетілдіру үшін USAID қаржыландырған

Орта Азиялық Американдық Кәсіпкерлік Қоры Қазақстандық компаниялар үшін, негізінен тоқыма және тамақ шаруашылығы секторларына 30-дан астам несиелер бөлді. USAID сарапшылары несие алушыларға бизнес-жоспарды дайындауға, және кәсіпкерлікті ары қарай дамытуда кеңестер берді. Сонымен қатар, қор несиелерді/заемдарды шығарған коммерциялық банктерге несиелік талдау жүргізу және басқару бойынша тренингтер өткізілді. Әйткенмен, парасатсыз басқаруды қолданудың нәтижесінде қор өз жұмысын 2004 жылы тоқтатты. Оның қорлары 2007 жылы аймақтағы білім беру мүмкіндіктерін қаржыландыратын АҚШ-Орталық Азия Білім беру Қорын құруға жұмсалды.

2002 жылы USAID шағын және орта кәсіпкерліктерге үлестік қаржыландыруды ұсынатын ең алғашқы ұйымды – Орта Азиялық шағын инвестициялық қорының негізін салуға ат салысты. Келесі жылы USAID тарапынан бөлінген қаржыландыру Frontiers аймақтық ірі несиеу институтын іске қосуға көмектесті. Аталған институт қаржыға қатты мұқтаж, бірақ банктер, халықаралық несиешілер, басқару қорлары немесе акционерлер сияқты ресми қаржылық мекемелерге кіру шектеуліктері бар микроқаржылық ұйымдар нарығына қызмет көрсетеді. Қазіргі уақытта, Frontiers табысты түрде халықаралық инвесторлардан қаржы тартуда, 6 миллион АҚШ долларын құрайтын несиелік порт-

фельге ие бола отырып, 71 белсенді клиенттерге қызмет көрсетуде. Шағын және орта кәсіпкерліктерді қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейту үшін USAID жеті банктің қызметкерлерінің Еуропа жаңғырту және даму банкі ұйымдастырған микроқаржы бағдарламасына қатысуын қаржыландырды. 2004 жылы аталған жеті банктің портфелі 90%-ға 236 миллион АҚШ долларына өсіп, өтелмеген несиелер саны 44 мыңнан асты. Орташа алғанда осы көмек ай сайын несие көлемі \$5300 құрайтын, шамамен 5000 несиелерді берді.

Нормативтік ауыртпалықты азайту және қалалық, ауылдық тұрғындарға көбірек несиелер беру үшін USAID Ұлттық Банкпен біргелесіп микроқаржылық ұйымдар мен несиеу серіктестіктеріне арналған жаңа заңнама бойынша жұмыс істеді.

Елдегі микроқаржылық ұйымдарды қолдау мен оларға қызмет көрсетуде жергілікті мүмкіндіктерді дамытуға бағытталған AMFOK Микро Қаржы Қауымдастығын 2004 жылы құруда USAID өз үлесін қосып, күні бүгінге дейін оның дамуына көмек қолын созып келеді. Бұл қауымдастық мүшелеріне тренингтар мен қызметтер ұсынып, микроқаржы секторына қатысты саясатты дамыту мен қорғауда қолдау көрсетеді, сонымен бірге микроқаржы ұйымдарының баршасына мүдделі болатын шараларды үйлестіріп отырады.



Светлана Ахметова жұбайының қайтыс болуына байланысты екі баласымен Алматыдағы туыстарына қоныс аударды. Пәтерін сатып, ішімдік пен шылым сату үшін базардан кішігірім дүкенше алды. Көрген пайдасы жанұясының мұқтаждықтарына жұмсалып, өз пәтерін сатып алуға жеткіліксіз болды. Светлананың достары оған USAID қолдаған Азиялық Несие беру Қорынан несие сұрауы жайлы кеңес берді, ол пәтер сатып алуына несие алды. «Азиялық Несие қорының арқасында мен кәсіпкерлік қызметімді тоқтатпай, пәтерді иелендім» - дейді Светлана

Азиялық Несие беру қорының суреті

Шағын шаруа қожалықтарына арналған ресурстар

USAID 1992 жылдан бастап өзінің «Фермерден фермерге» атты бағдарламасы арқылы Қазақстан ауылшаруашылығын қолдауда. Бұл бағдарлама аясында жыл сайын 25 ерікті маман Қазақстанға сүт, сиыр еті, ауылшаруашылық дақылдары және суды пайдалану салаларындағы шаруашылық іс-қимыл мен өнімділікті жақсарту саласында көмек көрсеткен.

USAID тоқсаныншы жылдардың ортасында су пайдаланушылардың ұйымдарын қайта құру жолдары туралы мемлекеттік қызметкерлер мен фермерлерге арнап дайындық курстарын өткізді, ондағы мақсат сол ұйымдардың Дүниежүзілік банктің 80 миллион АҚШ долларын құрайтын ауылшаруашылық секторы несиесі бағдарламасына қатысуына көмектесу. Осы шараның сәтті өткенін 1998 жылы жетпіс шаруашылық ұйымдардың құрылғанынан көруге болады. Парламент 2002 жылдың аяғында жергілікті жер суландыру жүйесін толықтай фермерлердің қолына беретін Ауылшаруашылық суды пайдаланушылар кооперативтері туралы заңды мақұлдады. Жаңа заң су тасымалымен шұғылданатындар мен су тұтынушыларының арасындағы қатынасты анықтап, кооператив мүшелерінің заңды құқықтарын сипаттап, әкімшілік пен су көзін пайдалану шарттарымен қамтамасыз етті. Осы

заңды әрі қарай дамыту үшін USAID су пайдаланушылар кооперативтерінің құрамындағы фермерлер мен жоғары лауазымды саясаткерлерге арнап оқу сапарларын ұйымдастырып, өзге елдердегі жер суландыру іс-тәжірибесімен таныстырды.

USAID 2004 жыл барысында шағын ферма қожайындарына негізінен ірі фермерлік бірлестіктерді қолдайтындай етіп қалыптастырылған жаңа Жер кодексінде берілген құқықтарын талап етуге көмектесті. USAID Қазақстандағы мүдделі тараптардың өз жер құқықтарын қорғау үшін 2005 жылдың 1 қаңтарына дейін шұғыл шара қолдануы керектігі жөнінде хабар беретін қоғамдық ақпарат тарату науқанын жүргізді. Заң саласы бойынша көмек беретін мекемелер желісі (Астанада, Петропавловскіде, Қостанайда, Көкшетауда және Ақтөбеде) 12, 000 шағын фермерлерге жер құқықтарын іске асырып, қорғауға көмектесті, сол арқылы ауылшаруашылық саласында экономикалық өсім мен инвестиция мүмкіншіліктерін ілгерілетуге себепкер болды. Шаруашылықтардағы өнімділікті жақсарту мақсатында, USAID 2004-2006 жылдар аралығында су пайдаланушылардың 15 бірлестігіне ұйымдастырушылық, техникалық және бизнес тренингтер өткізді. Бағдарламаның аяғында оқу-дайындық курсына қатысқан фермерлердің жоңышқа пішені, жүгері, күріш, қауын-қарбыз, асқабақ және астық өнімі орта есеппен 26% өсті.

USAID 2005 жыл барысында Алматы, Астана, Атырау және Шымкент қалаларында орналасқан ауылшаруашылық ісіне кеңес беру орталықтарында Израиль халықаралық даму агенттігі «MAC-XAB» мамандарының қазақстандық ауылшаруашылық қожалықтары мен фермерлерге берген консультация қызметін қаржыландырды. USAID жақында сүт-ет өнімдерімен қамтамасыз ететін бірқатар АҚШ жекеменшік компанияларымен бірлесіп, Қазақстанда сүт өндіру іс-тәжірибесін жетілдіруге көмектесті.

Нарық экономикасына қажетті сарапшы мамандар

USAID Қазақстан жастарының экономика туралы білімі мен кәсіпкерлік қабілетін дамыту мақсатында 1994-2008 жылдар аралығында «Жастар жетістігі» ұйымын қаржыландырды. USAID-тың қолдауының арқасында «Жастар жетістігі» ұйымы бірнеше жыл бойына қазақстандық жастарға сан алуан бизнес және экономикалық білім беру бағдарламаларын ұсынып, өз бағдарламаларына жекеменшік демеушілерді тарта алатын, өзін өзі қамсыздандыра алатын құрылымға айналды. «Жастар жетістігі» 2007 жылға дейін 4000-нан астам оқытушыны өз бағдарламаларын мектептерде оқытуға даярлап, Қазақстанның түкпір-түкпірінде 227, 000 жасқа жылына 1000-нан астам курс өткізіп отырды. «Жастар жетістігі» ұйымының бірнеше оқулықтарын

USAID демеуші болған, Германиядағы азық-түлік өндіру өнеркәсібінің курстары Орал облысының фермері Жаман Сариевке үлкен көмек болды, өзінің сауын фермасында ірі малды қолдан ұрықтандыру әдістерін қолданып, жаңа сүт құралдарын сатып алып, ірі малдың тағамдандыруын жақсартты. Бұл өзгерістер бір сиырдың 7-8 литрден 30-40 литрге дейін сүт беруіне ықпал етті. Сариев мырза Атырау сүт зауытымен, аудандық балабақшалар мен ауруханаларды сүтпен қамтамасыз ететін келісімшартқа отырды. Оқу кезінде үйренген технология бойынша ірімшік өндіре бастады.

Білім арқылы дамыту Академиясының суреті



Қазақстан Білім және ғылым министрлігі мақұлдап, бекітті.

USAID 1995 жылы Қазақстан менеджмент, экономика және бизнес институтымен (ҚМЭБИ) ынтымақтастық жұмысын бастап, Экономика магистрі бағдарламасының басты қолдаушысы болып, экономика саласы бойынша білім беру бағдарламасы мен оқу материалдарын жаңғыртуды және мемлекеттік университеттердегі экономика оқытушылары мен профессорларына арналған бағдарламалар қалыптастыруды көздеді. Сонымен бірге, USAID ҚМЭБИ-дің бизнесті басқару мамандығы бойынша магистратурасы мен экономика факультетіне көмектесіп, 1997 жылы ҚМЭБИ-ге оқытушы ретінде оралуға келіскен үздік студенттердің АҚШ университеттеріне барып оқуын қаржыландырып, үздік студенттерге арналған шәкіртақы бағдарламасына қаражат бөлді.

USAID 2001-2006 жылдар аралығында бизнес және экономика білім бағдарламалары мен қызметтерінің сапасын көтеру үшін бірқатар қазақстандық жоғары білім орындарымен жұмыс істеді. Семинарлар мен әріптестік байланыстар экономика және бизнес профессорларына батыс және Орталық Азия оқу бағдарламаларының стандарттары арасындағы айырмашылықты кішірейтуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге, USAID Орал, Алматы, Павлодар, Шымкент және Өскемен қалаларындағы университеттерде жүргізілген пилоттық жобалары арқылы жаңа студенттерге арналған қызмет түрлері мен өзге бизнес қызмет нысандарын енгізді.

USAID университет студенттері мен оқытушыларының ақпаратқа тең қолын жеткіздіру мақсатында 2002 жылы «Қазақстандық ғылым-білім желісі» ұйымын, ҚазРЕНА-ны, құруға көмектесті. Осы ұйым арқылы Қазақстан НАТО-ның «Виртуалдық жібек жолы» жобасына қосылып, 40-тан астам ірі мемлекеттік және жекеменшік университет, сонымен қатар, бірқатар академиялық құрылымдар мен кітапхана бірлестіктері спутник арқылы сапалы Интернет байланысына қол жеткізді. Оған қоса, USAID

2006 жылы 44 лайықты қазақстандық студентке университеттік шәкіртақы бағдарламасын қолдауға жекеменшік секторының сыйға берген қаржы көлеміне тең мөлшерде демеу берді.



2008 жылдың наурыз айының 24-25 аралығында Джуниор Эчивмент Үшінші Студенттік экономикадан сайыс өткізді. 10-11 сыныптың 60 оқушысы, мектеп және облыс сайыстарының жүлдегерлері, экономика мен банк ісінде өз білімін сайысқа салды. Жүлдегерлер елдегі және Ресейдегі атақты университеттерінің оқу гранттарына ие болды. Бағдарламаға қатысушыларының бірі: - «Джуниор Эчивмент экономиканы оқытуда ең үздік мектеп екеніне сенемін» - дейді.

Джуниор Эчивмент суреті

ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ

Жергілікті су қорларын басқару және Сырдария алабы

Ауылшаруашылық секторындағы экономикалық өсім, гидроэнергетикалық қуаттың оңтайлы өндірілуі және нарықтануы, Арал теңізін қалпына келтіру, сонымен қатар, Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы жылы қарым-қатынас су қорларын тиімді басқаруға айтарлықтай байланысты. USAID 1994 жылдан бастап қазақстандық лауазымды қызметкерлердің АҚШ пен Израильға барып, су қорларын басқару туралы оқып-білуіне бірнеше рет көмектесіп, Орталық Азия мемлекетаралық кеңесіне бес елдің су пайдаланушыларының бірнеше дөңгелек үстел кездесуін ұйымдастыруға жәрдемдесті. Осы жұмыстың басты нәтижесі деп Сырдария жағалауы елдерінің 1998 жылы Сырдария алабының су және энергия қорларын пайдалану туралы негіздемелік келісімге қол қоюын айтуға болады. Келісім Қырғызстан мен Тәжікстанның қыстық энергия қажеттіктерін өзен ағысының төменгі жерінде орналасқан елдердің жаздық

жер суландыру қажеттіктері мен өзен суының Арал теңізіне ағу мерзімімен үйлестірді. Ол энергия қажеттіктеріне байланысты судың су қоймалары мен жер суландыру жүйелерінен шекарадан өте тартылуын қамтамасыз етті.

USAID 2003-2005 жылдар аралығында аталмыш негіздемелік келісімді іске асыруға көмектесу үшін «Нарын-Сырдария су құламасын жоспарлау құралын» қалыптастырды. Бұл үлгі құрал барлық басты аймақтық және ұлттық су және энергетика агенттіктерінің жергілікті су мен энергия айырбасын жоспарлап, бақылай алуы үшін және гидроэнергетикалық қуат зауыттарының жұмысында электр энергетикасы нарығының ықпалымен болатын өзгерістердің экология мен экономикаға тигізетін салдарын анықтау үшін қабылданды. Қазақстан осы құралдың арқасында Нарын-Сырдария су құламасы алаптары, Сырдария сағасы және Арал теңізіне қойылған су режимі талаптарын жетілдіре алды.

USAID-тың 2001-2005 жылдар аралығындағы су шаруашылығы бастамалары екі мақсатты көздеді: а) су

бөлу туралы шешім қабылдауға қажетті ақпаратты бақылау жүйелерін жаңарту; бұл 2000 жылғы құрғақшылықтан кейін аса шұғыл мәселе болды, және ө) осы ақпаратты транс-шекаралық және ұлттық су қорларын басқару туралы шешімдерге қолдану жолдарын үйрету. Нығайтылған дерек жинау және байланыс жүйелері су қорларын басқарушыларға жылдық қар еру мерзімін дәлірек жорамалдауға және көпмемлекеттік жүйеде су қорларын бөлісіп пайдалануға қажетті ұлттық және аймақтық ақпарат бөлісуді ілгерілетті. USAID құрал-жабдық, компьютерлік бағдарлама үлгілері және оқу-дайындық курстарымен қамтамасыз етті.

USAID-тың бес Орталық Азия республикасының ұлттық гидрометеорологиялық қызметімен бірлескен жұмысының нәтижесінде аймақта су және ауа райы туралы дерекпен өзара бөлісу туралы келісімге қол қойылды. Ақпаратпен бөлісе отырып, суды пайдалану туралы қабылданған шешімдер нақты жағдайларға негізделеді, сөйтіп, Орталық Азия елдері арасында шиеленіс туу ықтималдығы азаяды. USAID 2006 жылға дейін осы елдерге су қорларын пайдалануды дер кезінде

USAID жерді суару каналдарын жақсартуға көмегін тигізгеннен кейін, Түркістан маңындағы Яссыдағы 900 гектар жер бидай, көкөніс пен жеміс-жидек ағаштарды егуге жарамды болды. USAID көмегімен жергілікті тұрғындар 7 километр суару каналдары мен екі құдықты жөндеді. «Өз кәсібимді бастарда мен бау-бақша өсіретін жерді суару каналының жанынан алғанмын, алайда судың нашар тартылуынан екен ағаштар құрай бастады. Ал қазіргі уақытта бау-бақшамның құрамайтынына нық сенімдімін» - дейді Ғалымжан Жалилов.

ACDI/VOCA суреті



жоспарлай алып, қауіпті құбылыстар туралы ескерту беруге көмектесетін 20 метеор жарқылы платформасын (ұлттық желінің 10%) орнатты. USAID Алматының маңында бүкіл аймаққа нақты уақыт ақпарын беру үшін метеор жарқылы байланысын пайдаланатын арнайы ақпарат технологиясымен жабдықталған спутниктік байланыс стансасын орнатты. 150 маман осы жүйені қолданып, ауа райы мен су ағынын болжауға үйретілді. 2006 жылы USAID қаржыландырған Орталық Азия метеор жарқылы дерек жүйесі су қорын пайдалануды жоспарлауға, қар көшкіні мен су тасқыны туралы ескерту беруге, ауылшаруашылық егіс өнімділігі мен гидроэнергетика өндірісін болжауға нақты уақыт ақпарын бере отырып, аймақтық су қорларын пайдалануда аса маңызды рөл атқара бастады. Метеор жарқылы байланысы желісін пайдаланып, Дүниежүзілік банк Сырдария өзенінің төменгі жағында он су стансасын орнатып, оларды Алматының жанындағы бас стансаға қосуды жоспарлап отыр.

Арал теңізінің тартылуы мәселесін шешу

USAID 1990 жылдардың басында Арал теңізінің тартылуының жағымсыз ықпалын азайтуға көмек берді. Арал-Қазалы су құбыры жобасы бойынша жұмыс бастамас бұрын, 1994 жылы USAID қазақстандық лауазымды қызметкерлердің су қорларын басқару туралы оқу сапарын қаржыландырды. Олар АҚШ-тың батыс бөлігіндегі су

қорларын басқару жүйелерін бақырып көріп қайтты. USAID ауызсу қорын көбейту, суды қауіпсіз ету іс-тәжірибелері туралы халыққа хабар беру ісін жақсарту және судың бағасын реттеу үшін осы жобаға демеушілік көрсетті. USAID-тың жетекшілігімен іске асырылып, 1997 жылы біткен Арал теңізі бастамасы осы теңіздің алабының азуынан болған денсаулыққа зиянды нәрселердің кейбіреулерін жоюға көмектесіп, аймақ тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз етіп, суды бөлісу және ресурстарды бақылауды көздейтін көпжақты жобалар арқылы аймақтық ынтымақтастықты қолдады. USAID Арал және Жаңақала елді мекендерін сумен қамтамасыз ету үшін Қосаман мен Бердікөл геотехнологиялық су полигондарындағы 29 құдықты, жеті су сорғысын және екі хлорлау стансасын қалпына келтіруге көмектесті. 1.1 миллионнан астам халық ауызсуға қол жеткізсе, 1.5 миллион адамның денсаулығы мен тазалығы жақсарды.

USAID пен Израиль халықаралық даму агенттігі мыңдаған балықшылардың тұрмыс-тіршілігін жақсарту үшін жақында Арал теңізінің сулы аймағында бірлескен бағдарламаны іске асырды. Бағдарлама аясында 2005 жылға дейін балық зауыты қайта қалпына келтіріліп, арзан көкөніс жылыжайы салынып, Қызылорда облысындағы Қамбаш балық өңдеу орнын жаңартуға көмек көрсетілді. Аталмыш мекеме қазір көбірек балық өңдейді, зауытқа келетін балықтың сапасы артты және мұздатылған балық өнімдері алысырақ

аймақтарға жеткізілуде. Осы уақытта жылына бірнеше миллиондаған шабақ есіре алатын балық зауыты Сырдария өзенінің Арал теңізі сағасы аймағындағы балықшыларға қажетті балық санын көбейтуде.

Экологиялық қатерлерді азайту

USAID-тың көмегімен Қазақстан ауа райын бақылау шараларын қолға алуда аймақта жетекші орынды иеленді. USAID Қазақстан үкіметіне БҰҰ-ның Ауа райы өзгерісі туралы негіздемелік конвенциясы мен Киото хаттамасының ауаға көміртек бөлуді азайтатын рәсімдерімен шұғылдануға көмектесті.

USAID 1994-1996 жылдары Қазақстан үкіметіне лицензиялауды реттейтін ережелер мен экологиялық шаралар қалыптастыруға қол ұшын берді. 1998-2006 жылдар аралығында іске асырылған «ЭкоЛинкс» (EcoLinks) бағдарламасы АҚШ және қазақстандық фирмалар арасында әріптестікті дамыту арқылы қоршаған ортаны жақсарту жобаларын іске асырды. Қазақстандық фирмалар ауа ластануының алдын алу, энергияны үнемдеу, су қорларын қорғау, қоқыс мен қалдық суды залалсыздандыруды қолдау үшін жалпы сомасы 600, 000 АҚШ долларын құраған он әріптестік грантын алды. Бұл бағдарлама Қазақстандық өнеркәсіптерге 1.5 миллион АҚШ долларына жуық көлемде инвестиция салынуына себеп болды.



2007 жылы Евразиялық Ұлттық Университетінің тоғыз студенті Қоршаған ортаны меңгеру мен инженерлік мамандықтары бойынша Магистрлік дәрежелерін алды. Бұл бағдарлама, Нью Мексико Университетінің сарапшыларымен жетілдіріліп, USAID, Орталық Азиядағы Еуразия Фонды мен AES корпорациясының қаржыландыруларымен халықаралық деңгейдегі елдегі экологиялық проблемаларды шешу мақсатында мамандар дайындау үшін құралған.

Еуразия Қорының суреті

USAID 2002 жылы мұнай және газ өнеркәсібіндегі ең үздік экологиялық іс-тәжірибелер туралы ақпарат берді. Қазақстан USAID-тың көмегімен қоршаған ортаға көп кесел келтірмейтін бұрғылау және мұнай құбыры тасымалын талап ететін озық ережелер қабылдады. USAID 2003 жылы мұнай және газ өнеркәсібінде Қазақстан үкіметімен жұмыс істейтін «Промек» атты қазақ экологиялық фирмасын қаржыландырды. «Промек» өнеркәсіптің экологиялық зиян келтіру ықтималдығын азайту үшін USAID-тың көмегімен қалыптастырылған әдістемені қолданып, су басқан мұнай ұңғымаларының ахуалын бағалады. USAID Каспий теңізі маңындағы пайдаланылып болған мұнай және газ ұңғымаларын тазарту әдістерін көрсетті; Қазақстан үкіметі ірі тазарту шараларында қолданылатын әдістерді қабылдады. Сонымен қатар, USAID аталмыш өнеркәсіпке қатысы бар қоршаған ортаны қорғау туралы заң-ережелерді жақсартуға жұмыстану үшін «Қазақстандық бизнесті тұрақты дамыту» атты ұйымды құруға көмектесті.

Қоршаған ортаны қорғау саласына қажетті сарапшы мамандар

USAID аймақтық экологиялық мәселелер бойынша жұмыс істейтін жергілікті мамандарды даярлау мақсатында «Еуразия қоры» және «Америкалық энергия жүйелері» корпорациясымен біріге отырып, Астанадағы Еуразия ұлттық университетінде экологиялық басқару және инженеринг саласы бойынша магистрлік білім бағдарламасын қалыптастырды. 2007 жылы алғашқы тоғыз студент магистратураны бітірсе, 2008 жылы оны он студент аяқтамақ.

Мұнай секторы

USAID 1994 және 1995 жылдары мұнай және газ секторын дамытуға көмектесті. USAID Қазақстан үкіметіне мұнай және газ секторын реттейтін тәуелсіз агенттік құруды ұсынды. Газбен қамтамасыз етудің шығындары мен қайтарымдылық дәрежесі секілді мұнай құбырының тарифтік әдістемесін және қайраң мұнайы мен газы туралы ережелерді

қалыптастыруға жәрдемдесті. Үкімет қызметкерлері халықаралық мұнай экономикасы, мұнай инвестициясы туралы келісімдер, энергетика саясаты, мұнай және газ жобаларын қаржыландыру салалары бойынша дайындық курстарынан өтті.

USAID 2001 жылы премьер-министрдің орынбасарының өтінішімен «Ішкі мұнай өнімдерін зеттеу» ұйымына Қазақстан үкіметі мен халықаралық мұнай компанияларының арасындағы мұнай экспорты квоталарына қатысты мәселелерді қарастыруды тапсырды. Сыбайлас жемқорлық туралы тақырыпты да ауқымды түрде қамтитын бұл зерттеу жұмысының мұнай секторын реформалауға негіз болуы жалғасуда және онда төмендегідей ұсыныстар берілген:

- Мемлекеттің реттеушілік қызметіндегі коммерциялық мүддесін алып тастау;
- Ішкі өнімдерге қарсы қалыптасқан біржақты пікірді жоятын ұтымды салық құрылысы;
- Мұнай өнімдерінің кен орнынан нарыққа дейінгі жолын бақылайтын ұлттық ақпарат базасы.

Мұнай және газ салаларында әріптестік орнатуға жұмыстанудың нәтижесінде заң-ережелер жақсартылып, оларды қабылдау үдерісіне қоғамның атсалысуы және ауаға бөлінетін заттектерге рұқсат ету рәсімі жетілдірілді. USAID-тың кеңесшілері 2003 жылы заман талабына сай жан-жақты жетілдірілген дерек базасы бағдарламасын қалыптастырып, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің қызметкерлерін мұнай, газ және көмірсутегі өнімдерін бақылап отыруға үйретті. Мұнай құбыры тарифі әдістемесін дамытуда жәрдем беріліп, қайраң мұнайы мен газы, мұнай ұңғымаларын бітеу және жою туралы ережелерді және де «Ұлттық мұнай өнімінің төгілуінің алдын алу және оның салдарын жою жоспарын» қайта қарауға көмек көрсетілді. Жартылай USAID-тың қолдауына сүйене отырып, «Қазақстан мұнай бірлестігі» мен «Қазақстандық бизнесті тұрақты дамыту ұйымы» қоршаған орта мен энергетика мәселелері бойынша қуатты ұйымдарға айналды.

USAID 2004 жылы АҚШ Ішкі ресурстар департаментінің ұйымдастырған



2006 жылы USAID пен Израильдік дамыту агенттігі MASHAV Арал теңізі өңіріндегі балық кәсібі мен балықшылардың өмір сүру жағдайын жақсарту үшін жұмыс жасады. USAID пен MASHAV өндіру процесінде қажетті тоңазытқыш орнатып, жыл бойына балықтың құнақы күйінде зауытқа жеткізетін тоңазытқышы бар ауыр көлікпен жабдықтады. Аталған шаралар зауыт өнімдерінің артуына, зауытқа жеткізілетін балық сапасының жақсаруына, алыс жерлердегі балық сұранысын ұлғайтты.

USAID суреті

қайраң мұнайы мен газы ресурстарын басқару және Каспий мұнай-газ қорларын бағалау әдістемесі туралы дайындық семинарларын қаржыландырды. USAID сегіз мұнай университеті мен институтының оқу бағдарламасына енгізілген оқу модульдерін қалыптастырды. USAID университеттерде «Мұнай инженерлері қоғамының» бөлімдері сияқты студенттік қауымдастықтарды құруға көмектесті. USAID Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мұнай саласы мамандарына Каспий қайраңындағы қазақстандық мұнай және газ қорларын дамыту туралы семинарлар өткізіп, АҚШ-қа барып оқу бағдарламаларын қаржыландыру арқылы көмектесті. Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің қызметкерлеріне арналған жаңашыл семинар-тренингтер 2004 жыл барысында орын алған мұнай және газ лизинг тендерлерінің рәсімдерін жақсартуға көмектесті.

Қазақстан үкіметі USAID-тың ұсыныстарының негізінде бұрынғы Кеңес Одағында алғашқы, табиғи ресурстардан түсетін табыстың жаңашыл оффшорлық қорын құрды. Аталмыш қор Қазақстанның табиғи байлығынан түсетін кірісті ұзақ мерзімде басқаруға мүмкіндік беріп, табиғи ресурстарға бай өзге мемлекеттерде орын алған макроэкономикалық тепе-теңсіздіктерді Қазақстанда болдырмауға үлес қосады. 2007 жылы қыркүйек айында Ұлттық қорда 18.7 миллиард АҚШ доллары болды.

Аймақтық электрэнергетика нарығы

Ел тәуелсіздік алғаннан кейін, қаржы тапшылығына байланысты энергетика саласында жұмыс істеу өте қиынға соқты. Ұлттық энергетика саласы құлдырап тұрған жағдайда инвестиция капиталын қайтарып алу үшін жүйені жекешелендіру керек болды. USAID қазақстандық жоғары лауазымды энергетика қызметкерлерін АҚШ-қа оқуға баруын ұйымдастырды. Бұл энергетика секторын жекешелендірудің пайдасын көруге мүмкіндік берді. Қазақстан үкіметі 1995 жылы желтоқсан айында а) электрэнергетиканы реттейтін тәуелсіз комиссия құруды және ә) ұлттық электр энергетикасы өндірісін жекешелендіруді бұйырды. USAID Қазақстан үкіметінің осы шешіміне үлес қосу мақсатында ұлттық электрэнергетика өндірісінің 90 пайызымен бірге ірі энергетика орындарын жекешелендіруге көмектесті. USAID тәуелсіз «Электрэнергетикасын реттеу агенттігін» құруға көмек көрсетті. Аталмыш агенттік USAID қаржыландырған тарифтерді зерттеу жұмысының нәтижесінде ұсынылған баға белгілеу тетіктерін қолданды. Бұл өзгерістер электр қуатын өндіру, беру және тарату секторларына шетелдік инвестиция тартуға көмектесті.

Қазақстан USAID-тың консультанттарымен кеңесе отырып, 2000 жылы барлық аймақтық электр қуатын өндіретін компанияларды бөліп, жекешелендіруді ұйғарды. Ал Дүниежүзілік банк

болса, құны 260 миллион АҚШ доллары тұратын «Электрэнергетика жүйесін қалпына келтіру жобасын» қаржыландыруға келісті. АҚШ сарапшылары 2002 жылы қауқарсыз тұтынушылардың мүддесін қорғайтын, энергия қуатын үнемдеуге жетелейтін, нарыққа негізделген коммуналдық тарифтерді қолдануға шақырды. Энергия қуатын тұтынушылардың ҰЕҰ-ы USAID-тың көмегімен энергия қуатының бағасын ашық та жариялы жолмен белгілеу және энергия қуатымен қамтамасыз ету қызметін жақсартуға жұмыстану жолдарын үйренді.

Оқу-дайындық курстары мен АҚШ мамандарымен орнатылған әріптестік 2003 жылы «Қазақстан энергетика бірлестігі», «Монополияға қарсы комиссия» және «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясын» (KEGOC) құруға көмектесті. USAID «Қазақстан энергетика ұйымына» тарифті ұтымды етіп реформалау ережелерін қалыптастыруға және энергия тиімділігі туралы тұжырымдаманы қабылдауға шақыруға көмектесті. Бұндай өзгерістер қоғамның саясат қалыптастыруға атсалысуына және реттеу үдерісінде жариялылықты арттыруға жол ашты. USAID электр қуатын өндіруші, беруші және таратушы компанияларға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауды қолдайтын ұйымдарға ақпарат таратуға жәрдемдесті.

USAID-тың стратегиясы 2003 жылы жалпы электрэнергетика секторындағы ережелерден энергия қуатын пайда-



2003 жылы Батыс Қазақстанның Атырау қаласындағы USAID орнатқан жаңа үлгідегі жылыту жүйесі энергияға төленетін қаржыны 60% үнемдеді. Демалыс кезеңінде резервті режимі қосылатын жаңа жүйе 1100 оқушы оқуға оралғанда керекті температураны қалыптастырады. Қала әкімінің орынбасары қаланың басқа мектептерінде осындай жүйенің орнатылуына өз қызығушылығын танытты.

USAID суреті

лану туралы жаңа ережелер мен іс-тәжірибелерге, сұранысқа негізделген энергия қуатын сатып алу және сату ісіне ауысты. Атыраулық жылу және жарық жүйесінде энергия тиімділігін арттыру үшін қабылданған жаңа технологиялар мен идеялардың арқасында қалада 25-30 пайыз энергия қуатын үнемдеуге қол жеткізілді.

USAID-тың электр энергиясының бөлшек сауда нарығы туралы семинары 2004 жылы Қазақстан үкіметінің сұранысқа негізделген энергия қуатын сатып алу және сатуға жол ашатын хаттама мен жаңа «Электр энергетикасы туралы заңды» қабылдауына үлес қосты. USAID энергия тиімділігін арттыратын жобаларды қолдау мақсатында Қазкоммерцбанкпен келісімге қол қойып, муниципалдық және жекеменшік компаниялардың энергияны үнемдеу, энергия тиімділігі және жаңартылатын энергия жобаларына берілетін несиеге қажетті 15 миллион АҚШ долларын құрайтын несие кепілі портфелімен қамтамасыз етті.

USAID Алматы қалалық әлеуметтік қорғау департаментіне қызмет көрсету сапасын жақсартуға және кедей адамдарға коммуналдық қызмет түрлеріне ақша төлеуге көмектесетін бағдарламаны ұзартып, бір жылдың ішінде сондай көмек алған отбасылар санын 13 пайызға арттыруға жәрдемдесті.

USAID соңғы кездері коммерциялық энергия шығынын азайту, энергетика саласында аймақтық ынтымақтастықты арттыру, аймақтық электр энергетика нарығын дамыту және аймақтық «Энергетика жүйесін жоспарлау үлгісін» жасау жолдарын анықтауға көмектесуде. Сонымен қатар, USAID Қырғызстан мен Тәжікстанның ұлттық энергетика компанияларының Қазақстанның электр энергетикасы нарығына қатысуына жәрдемдеседі; ол жаз мезгілінде оңтүстік Қазақстанда электр энергиясының тапшылығын жоюға көмектесуі ықтимал.

2007 жылы USAID-тың Орта Азиядағы жергілікті энергетика нарықтарына қолдау көрсету (REMAP) бағдарламасы Қазақстан мен Қырғызстан арасында электр қуатын сату туралы келісімге ықпалын тигізді. Бұл келісім бойынша Оңтүстік Қазақстан жаз айларында 20% энергиямен қамтамасыз етіле.

USAID суреті



ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУТТАРҒА КӨМЕК



Азаматтық қоғамды қолдайтын USAID бағдарламасы азаматтық қоғамды қолдайтын сегіз орталық арқылы оқыту, ақпарат ұсыну мен арнайы көмек көрсету арқылы жергілікті мемлекеттік емес ұйымдарға (МЕҰ) қолдау көрсетті. Өртүрлі секторлардағы МЕҰ-дар өз жұмысын дамытуда, өртүрлі қоғамдастықтарды жергілікті тұрғыда маңызды проблемаларды шешуге шақырумен қатар, қоғамдық қауымдастықтардың өрлеуінде USAID гранттарын пайдаланды.

IFES суреті

Азаматтық қоғам мен қоғамдастықтар

1990 жылға дейін Қазақстанда бірде-бір үкіметтік емес ұйым (ҰЕҰ) болған емес. 1990 жылдары ҰЕҰ-дар жедел құрылып, 1996 жылдың аяғында елде 440 белсенді ҰЕҰ жұмыс істеді. Осы ұйымдардың сегізі 1996 жылы Орталық Азияның ең алғашқы ҰЕҰ коалициясын құрды. USAID-тың осы кезеңде азаматтық бірлестіктерге берген алғашқы көмегі олардың ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастыруды көздесе, соңынан ол қоғамның белгілі бір саясатты қолдауына және ҰЕҰ-дар, үкімет, бұқаралық ақпарат құралдары және жекеменшік кәсіпорындардың арасында қоғамдық әріптестік құруға ауысты.

USAID экономикалық мәселелерден бастап, әлеуметтік дамуға дейінгі сан алуан салаларда жұмыс істейтін ҰЕҰ-дарды демеді. Қоғамдық қолдау шараларымен шұғылданатындардың саны өсуде және USAID-тың тренинг-семинарлары мен техникалық жәрдемі арқылы олар үкіметпен байланыс орнату, халыққа білім беру және ортақ мүдделі азаматтарды біріктіру қабілеті бар екенін көрсетті.

ҰЕҰ шаралары, оқу-дайындық семинарлары және техникалық жәрдемге қаржы берумен қатар, USAID жергілікті ұйымдардың күнделікті қажеттіктерін қанағаттандыру үшін 15 азаматтық қоғамды қолдау орталықтар (Алматы, Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Астана, Қарағанды, Семей және Өскеменде) желісін құруға көмектесті. Қолдау орталықтарының әрбіреуі баға тұрғысынан тиімді жергілікті оқытушылар кадрын қалыптастырып, жергілікті ұйымдардың қабілетін ұштау үшін кітапхана мен өзге ақпарат көздерін қолжетімді етеді. Аталмыш желі

елдің түкпір-түкпірінде қызмет түрлерін көрсетеді және қазір олар өздерін өзі қамсыздандыра алады.

USAID 2004-2006 жылдар аралығында ҰЕҰ-дарға қолдау көрсету орталықтарында қызмет ететін кәсіби заңгерлер желісіне де ҰЕҰ-дарға, бастамашыл топтарға және жекелеген азаматтарға ҰЕҰ-ды тіркеу, салық төлеу және еңбек мәселелері мен өзге сан алуан сұрақтар бойынша заңнамалық кеңес беруіне көмектесті. Жергілікті ҰЕҰ-дарға оқу-дайындық курсы өткізіп, техникалық жәрдем беру ҰЕҰ-дардың өз-өздерін тұрақты түрде бағалап отыруын ілгерілетіп, басқару, қаржы табу, қаржыны басқару, сыртқы қатынастар, демократиялық басқару және мүшелікке адам тарту істерін нығайтады.

Барлық коммерциялық емес бірлестіктердің жұмысына жағдай жасау мақсатында, USAID бағдарламалары осы саладағы халықаралық стандарттар мен үздік іс-тәжірибелер туралы мағлұматқа жол ашты. ҰЕҰ-дардың заңды мәртебе алып, жұмыс істеуі тоқсаныншы жылдардың басындағы кезбен салыстырғанда едәуір жақсарды; ол кезде тіркелуге қойылған қатаң талаптар мен жағрапиялық шектеуліктер ҰЕҰ қозғалысының өсуіне кедергі болған-ды.

БАҚ: Барлық азаматтарға тәуелсіз ақпарат

USAID-тың алғашқы көмек бағдарламаларында жергілікті ақпарат құралдарының кәсіби біліктілігін оқу-дайындық семинарларын өткізіп, құрал-жабдықпен қамтамасыз ету арқылы жетілдіру көзделді. USAID теледидар стансаларына сан алуан тақырыптар бойынша ақпараттық бағдарламалар шығаруға өзге мекемелермен бірлесіп қаржы бөлді. Уақыт өте, назар стансаны

басқару және оның қаржылық тиімділігін жақсартуға, хабардың объективтілігін арттыру және баспасөз хабарларын бақылауды жетілдіруге ауды. Бірнеше жүздеген баспасөз және электронды ақпарат құралында қызмет ететін журналисттер өткен он бес жыл барысында өздерінің біліктілігін жетілдіру үшін USAID-тың көмегімен өткізілген семинарларға қатысты. 1990 жылы 10 ұлттық газет-журналы жарық көріп, 21 телерадио стансасы қызмет етсе, 2004 жылы 1211 газет, 477 журнал, 124 телерадио стансасы, 15 хабар агенттігі және 159 электронды хабар агенттігін қоса алғанда, елде 2041 бұқаралық ақпарат құралы болды. 2006 жылы халықтың 90 пайыздан астамы теледидардан мемлекеттік-саяси мәселелер туралы ақпарат алғандарын мәлімдеді.

USAID 2002 жылы ұлттық және аймақтық мемлекеттік емес хабар агенттіктерінің өкілдері қатысқан нысаналы топтың талқылауы арқылы «БАҚ Барометрлік көрсеткішін» дайындады. Зерттеу жұмысы қазақстандық БАҚ Орталық Азия мемлекеттерінің арасында жоғары орында екенін көрсетті; бұған олардың іскерлік машықтары мен кәсіби стандарттары арқасында қол жеткізді деуге болады. БАҚ-тың ұйымдастырушылық қабілеті және тәуелсіз БАҚ-ты қолдайтын ұйымдардың дамуы бойынша Қазақстан ең үздік көрсеткішке қол жеткізді.

USAID БАҚ қауымдастықтарына да көмектесті. USAID-тың көмегімен 1995 жылы мүшелерінің арасында ақпарат бөлісетін, белгілі бір саясат жөнінде ұжымдық пікір білдіретін және электронды БАҚ-тың мүддесі мен тәуелсіздігін қорғайтын «Тәуелсіз электронды бұқаралық ақпарат құралдарының ұйымы» құрылды. «Қазақстандық баспасөз клубы» 1995 жылы USAID-тың көмегімен құрылып, қазір ол – өз-өзін тұрақты қамсыздандыра алатын ұйым. Баспасөз мәслихаттары мен өзге шаралар ұйымдастырумен қатар, «Баспасөз клубы» алуан түрлі нәрлендіруші ұйымдардың гранттарын пайдаланып, журналисттер мен өзге БАҚ мамандарына тренинг-семинарлар өткізеді.

Жастарға азаматтық білім беру

Азаматтық құқықтар мен міндеттер және ішкі мәселелер туралы ақпаратқа көбірек жол ашу үшін, USAID 1999-2006 жылдар аралығында 696 мектептің 43 000 оныншы және он бірінші сынып оқушыларына арналған азаматтық білім беру курстарына демеулік көрсетті. Азаматтық білім беруге даярланған 700-ден астам мұғалімнің 98 пайызы азаматтың демократиялық жүйедегі рөлін түсіндіруде оқу материалдарының тиімділігіне қанағаттанатындарын мәлімдеді. Білім министрлігі 2006 жылы азаматтық білім туралы оқулық пен әдістемені елдің білім жүйесіне арнап жаңа сабақтар мен оқулықтар шығаруға үлгі ретінде пайдалануға қызығушылық білдірді.

100 000-нан астам орта мектеп оқушысы көбірек демократиялық оқыту әдістерін енгізуге, білім беру ісіне ата-аналарды қатыстыруға және оқушылар арасында белсенділікті жандандыруға бағытталған «Сыни тұрғыдан ойлау», «Қадамнан қадамға», «Пікірсайыс орталығы», «Оқушылар комитеті», «Демократиялық жазғы лагерь», «Еріктілер үйі» секілді арнайы, мектептен тыс бағдарламаларға қатысты. Оқушылардың жергілікті атқару органдарының жұмысына қатысу күні олардың жергілікті әкімшіліктердің жұмысы туралы таныс-біліс болуын арттырды. Білім министрлігі 2004 жылы ұстаздардың «Қадамнан қадамға» атты бағдарламасы бойынша жұмыс істеуін көтермелеу мақсатында «Қадамнан қадамға» әдісін пайдаланатын ұстаздардың жалақысына 10% көлемде сыйақы қосты. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың 84 пайызы өз білімдерін жергілікті мәселелерді шешуге қолданғаны анық болды. Оқушылар белсенділігінің бір мысалы – «Жастар қазақстандық ақпарат қызметі» (ЖҚАҚ). Бұл қауымдастық Парламентте университеттер мен олардың студенттері арасындағы қатынаста – бұрын сыбайлас жемқорлық жайлаған қатынаста басшылыққа алынатын жаңа студент келісімін қабылдауға лобби жүргізді. USAID ұстаздардың білім беру үдерісіндегі рөлін арттыруды көздейтін «Қазақстандық оқу қауымдастығына»



Бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) дамытудағы USAID бастамасымен БАҚ жұмысына жаңа технологияларды ендіру, баспадағы, радио мен телевидениядағы журналистикалық материалдың сапасын жетілдіруде, оқыту мен ендіруге жәрдем көрсетілді. Шағын гранттар бағдарламалары жергілікті бағдарламалардың сапасының артуына етті тигізді, ал тәжірибелі заңгер БАҚ-на кеңес берді.

USAID суреті

(ҚазОҚ) да жәрдемдесті. 2006 жылы бұл ұйымның 3000-дан астам мүшесі болып, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға және өз қоғамдастықтарының өміріне белсенді атсалысуға ынталандыратын шараларды жүзеге асырды.

USAID азаматтық құқықтар мен міндеттер туралы түсінікті кеңейту мақсатында «Көше заңы» атты семинар-тренинг өткізуге көмек берді. 1200-ден астам заң факультеті студенттері заңгерлік қысқа мазмұндамалар әзірлеу, ауызша дәлелдемелер құрастыру, заңнамалық зерттеу жүргізу және куәгерлерді тексеру сияқты заң мектептерінің оқу бағдарламасына енгізілмеген практикалық машықтарды үйренді. «Студенттердің адвокаттар қауымдастығы» 2001 жылы USAID-тың көмегімен құрылды.

Заң туралы ақпарат

USAID өзге мемлекеттердің заңнама базаларын қамтитын Алматы заң кітапханасына қаржылай қолдау көрсетті. USAID пен БҰҰ Даму бағдарламасы 2001 жылы облыстық (аймақтық) деңгейлерде заңнама жобалау орталықтарына көмектесе, Қазақстан Парламенті оларды компьютерлермен қамтамасыз етті. USAID бірқатар университеттер жанындағы заңнамалық ақпарат орталықтарына да қаржылай жәрдем берді.

Сайлау өткізу

USAID 1992 жылдан бастап сайлау науқанының ұлттық және жергілікті деңгейде ұйымдастырылуына қажетті көмек беріп, даярлау курстарын өткізді. USAID пен Орталық сайлау комиссиясы 1997 жылы қолданыстағы сайлау туралы заңдарды жақсарту, сайлау қызметкерлері мен сайлауды бақылаушыларды даярлау және парламент пен президентті сайлау алдында дауыс берушілерге арнап ағартушылық науқанын өткізуге бағытталған бағдарламаны бастады. Сонымен қатар, USAID жергілікті, сайлауды бақылау ұйымы – «Тәуелсіз бақылаушылардың республикалық желісіне» арнап дайындық сабағын өткізді. USAID 2005 және 2007 жылдардағы сайлауды бақылауға және бұқаралық ақпарат құралдарында пікірсайыстар өткізуге көмектесті.

Жергілікті өкімет: Азаматтардың саяси істерге атсалысуы

USAID қазақстандық жергілікті өкімшіліктердің пәрменді жұмыс істеп, дер кезінде шара қолданып, халық алдында жауапты болуын жетілдіруде күш-жігерін орталықтандырмау, азаматтардың қоғамдық-саяси істерге атсалысуы және ресурстарды ұтымды басқаруға салды.

Атырау қаласы 1994 жылдан 1996 жылға дейін USAID-тың көмегімен жергілікті атқару органдарының қажеттіктерді анықтай алатынын, басым бағыттарды қолға алатынын және ұлттық деңгейдегі өкімшілікке жақсы дәлелденген ресурс бөлу туралы өтініштерін бере алатынын көрсетті. Қаланың қаржы жүйесі батыс есеп тәжірибесіне негізделі жаңғыртылып, нәтижесінде азаматтар жариялы ақпарат алып, алаяқтық тоқтатылды. Тауарлар мен қызметтерге бәсеке мердігерлік тәжірибесі де енгізілді. Үдеріс барысында азаматтардың өз қаласында қолға алынған шараларды көбірек біліп, оларға атсалысып, Атырау қаласының келешегі үшін адал қызмет етуі артты.

USAID-тың жергілікті өкімшіліктерге арналған бағдарламалары әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған ресурстар мен ондағы жауапкершіліктердің ұлттық үкіметтен жергілікті деңгейдегі өкімшіліктерге өтуін қолдауды көздеді. Бағдарлама стратегиясында Президент Назарбаевтың фискалдық және өкімшілік міндеттер орталық үкіметтен жергілікті өкіметке беріліп, орталықсыздандыру үдерісі 1998 жылы басталады деген мәлімдемесінің ізінше, үй сияқты ірі капиталдың қала өкімшіліктері мен тұрғындарға өтуі қарастырылды. Президент өкімшілігінің өтініші бойынша USAID жергілікті өкімшілік туралы саясат қалыптастыруға жәрдемдесті.



2001-2006 жылдар арасында USAID пен Халықаралық Сайлау Жүйесі фонды (IFES) ұйымдастырған мемлекеттік органдардың жұмысына қатысу күндерінің арқасында 1000 астам оқушылар мемлекеттік органдардың жұмысы жайлы жаңа мағлұмат алды. Павлодар қаласының № 16 мектеп оқушысы Руслан Тлеусов: - «Жергілікті мемлекеттік органдардың жұмысына қатысу күндері арқылы мемлекеттік органдардың жұмысымен танысып, мемлекеттік саясат жайлы білуге мүмкіндік алдық»- дейді.

IFES Суреті

USAID 1998 жылдан бастап Атырау, Павлодар, Алматы және Қостанай облыстарының жергілікті атқару органдарының бағдарламаларына көмектесті. Одан кейін Алматы және Қостанай облыстарында пилоттық бағдарламалар іске асырылды. Дайындық бағдарламаларының нәтижесінде қала әкімшілігі қызметкерлері басқару машықтарын шыңдап, содан кейін жаңа іс-тәжірибелерді, әсіресе азаматтардың қоғамдық-саяси істерге атсалысуын жандандыру тәжірибелерін Лисавоск және Шымкент қалаларында енгізді. Жергілікті басқарудың осындай жаңашыл іс-тәжірибелерінің қатарына мердігерлікке жарияланатын жабық тендер кірді; нәтижесінде бір қалада қаражат 27 пайызға үнемделді.

Бюджеттік үдеріске азаматтарды қатыстыру үшін Павлодар мен Ақтау қалаларында қоғамдық тыңдау өткізу жүйесі қабылданды. Коммуналдық қызметтердің толық өтелімділігі мен үй және коммуналдық субсидиялардан құтылудың экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан әкелер оң нәтижесі көрсетілді. USAID-тың қолдауымен өткізілген тренинг қаржы қызметкерлері мен сайланатын кеңес мүшелерінің берілген әдістеменің дұрыстығына көзін жеткізді. 2001 жылдың өзінде екі мың жергілікті кеңес мүшесі дайындықтан өтті. Көптеген орынбасарлар тренингтің өздерінің сайланған жетекші ретіндегі рөлдерін анығырақ түсінуіне көмектескенін мәлімдеді. Бағдарламаға негізделген бюджет жүйесін қабылдаудың денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру және фискалдық жүйені реформалауға пайдасы тиді.

Бағдарламаға қатысқан қалалардың тұрғындарының 60 пайызы 2001 жылы қызмет түрлеріне көңілдері толатынын айтты. Дайындықтан өткен 2000 жергілікті әкімшілік қызметкерлерінің 80 пайызы семинардан кейін азаматтарды саясатқа атсалысуға ынталандыратын жаңа шаралар бастағанын хабарлады. Ашық тыңдау отырыстары, жұмыс топтары, комиссиялар және экономикалық даму жөніндегі алқалар сияқты азаматтық қоғамның саяси істерге қатысу іс-тәжірибелері 17 қалада қолданылып, 219 оқытушы дайындықтан өтті. Монополияға қарсы

комитет қоғамдық тыңдау өткізуді жергілікті деңгейде тарифті көтерудің алғышарты деп қабылдады. USAID 2003-2004 жылдарда Алматы және Қостанай аймақтарындағы 20-ға жуық шағын және орта көлемді қалаларға қоғамдық белсенділікті арттыруды көздейтін стратегиялық жоспарды қалыптастыруға көмектесті. USAID-тың осы саладағы жұмысы 2004 жылы төмамдалды.

Сот төрешілерінің пәрменділігін арттыру

USAID-тың Қазақстан судьялар жүйесіне көмегі 1993 жылы басталды және жәрдем бағдарламалары қазақстандық судьяларға арналған салыстырмалы заң ілімі мен сауда-саттық туралы заң бойынша оқу мүмкіншіліктері мен техникалық көмек беруді қамтыды. «Қазақстандық судьялар одағы» судьяларға арналған әдеп кодексін 1994 жылы USAID-тың көмегімен қабылдады. Сонымен қатар, USAID 1997 жылы оңтүстік Қазақстанда алғашқы тәуелсіз адвокаттар ұйымын және үш жылдан кейін Алматыда «Әйел заңгерлер қауымдастығын» құруға көмектесті. USAID сот әкімшілігіне жәрдем беру мақсатында 2001 жылы Судьялардың білімін жетілдіру институтын ашуға да көмектесті.

2004 жылы Жоғарғы сотпен бірлесе отырып, жаңа бағдарламалар дамытылды. Алғашқы қадам ретінде, USAID сот әкімшілігі мен басшылығы бойынша 400 судья мен сот қызметкеріне дайындық курсы өткізді. USAID әділет жүйесінің өз ішінде жариялылықты жетілдіру мақсатында 2005 жылы Қазақстанның алғашқы сот отырысын бейнетаспаға түсіру жобасы үшін Алматыдағы Бостандық аудандық сотында құрал-жабдық орнатуға көмектесті. Бұл құрал соттың сөзбе-сөз жазбасын әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл сот отырыстарын құжаттауда және шағым дайындауда маңызды. Нәтижесінде, бейнетаспаға жазылған сот отырыстарынан кейін шағымдану деңгейі айтарлықтай төмендеп, ол соттасқан тараптардың сот үдерісінің әділдігіне сенімі артқанын көрсетті. Осы құрал-жабдықты пайдаланған барлық сот қызметкерлерінің 90 пайыздан астамы



Инесса Куанова Солтүстік Қазақстан облысында 1998 жылдан бері қызмет етеді. Өзі өткен шәкірттік мектептің ескі жүйесі жайлы есіне алады. Қазіргі кезде USAID жәрдемшілік жасаған жаңа жүйе ендірілуде. Сот менторлығының жаңа бағдарламасының мақсаты - жаңадан келген сот төрешілеріне қызметінің бастапқы жылдарында дұрыс ұстазды тағайындау. USAID өткізген оқыту семинарларының арқасында, сот төрешісі Куанова аталған бағдарламаны өзінің саласында қолданып, өзі ментор болды. «Менің шәкіртім өзіне сенімді және жоғары тұрған әріптестерімен еркін сезінеді, сонымен бірге сотта шағарған үкімдерін мақтаныш тұтады» - дейді Куанова.

Кемоникс суреті

осы технологияның елде кеңінен пайдаланылуын қолтады. Бағдарлама сәтті өткеннен кейін, USAID пен Жоғарғы сот 2007 жылы сот отырысын бейнетаспаға жазу жобасын бүкіл елде жүргізе бастады. Жоғарғы сот бейне жүйелерін сатып алуда елеулі қаржылай үлес қосты.

2006 жылы 120-дан астам қазіргі және келешек судья қазақстандық және халықаралық заңдарда кепілдік берілген журналисттер мен БАҚ құқықтары туралы дайындықтан өтті. Елдің сот органдарының қызметкерлері мен БАҚ-тың ұдайы ой-пікір алмасуына көмектесу мақсатында, USAID «Сотқа қатысатын бұқаралық ақпарат құралдарының қазақстандық форумын» құруға жәрдемдесті. USAID Қазақстан сот органдарының өкілдеріне арнап дайындық курстарын өткізу, олардың АҚШ-қа оқуға баруына мүмкіндік беру, қоғамдық ақпарат науқанын жүргізу арқылы 2007 жылы алқа билер жүйесін енгізуге көмектесті. USAID жаңа заманғы тәлімгерлік бағдарламаларын қалыптастырып, Қазақстанның сот жүйесіне енгізуге көмек берді. Қазақстанның сот саласында тәлімгерлік бағдарламалары бар бірқатар облыстарының (аймақтарының) саны 2008 жылы екіден онға өсті.

USAID болашақ судьялар мен заңгерлерді даярлау ісіне көмектесу мақсатында университеттерде қызмет ететін заң профессорларына оқыту әдістемелері туралы семинарлар ұйымдастырып, студенттерге арналған заң құжаттарын жазу және заңгерлердің

әдеп ережелері туралы курстарын және елдің түкпір-түкпіріндегі әртүрлі университеттерде оқу сот сайыстары мен сахналанған сот отырыстарын өткізуге қаржылай көмек көрсетті. USAID Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің заң факультеті сияқты бірнеше университеттерде заң кеңесін өткізуге жәрдемдесті. Заң бойынша кеңес беру шараларында заң факультетінің студенттері профессорларының жетекшілігімен шағын кәсіпорындар мен өзге тұлғаларға заңнамалық мәселелер мен салық туралы заң жөнінде кеңес берді. USAID университеттің заң студенттеріне салық заңы және кеңес беру жолдары туралы курс өткізді. Университетте өткізілген заңды кеңес беру шарасы заң факультеті студенттеріне практикалық машықтарды дәріс бөлмелерінде қол жетпейтін деңгейде үйренуге мүмкіндік берді. Олар, сондай-ақ, қоғамның қауқарсыз мүшелерін басқалай қолы жетпейтін заңдық қызмет түрімен қамтамасыз етті.

Қоғамдастықтардағы шиеленістерді басу

USAID ауылдық аймақтардағы әлеуметтік теңсіздікті азайту және экономикалық мүмкіншіліктерді көбейту мақсатында 2003 және 2004 жылдары Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарындағы қоғамдастықтарда өткізілген шиеленістің алдын алу бағдарламаларына қаржылай қолдау көрсетті. Сол қоғамдастықтардың ішінде іскерлік,

денсаулық сақтау, азаматтық қоғам, білім беру, діни бірлестіктер және микронесие салалары арасында әріптестік орнатылды. USAID-тың, жергілікті әкімшіліктердің және өзге ұйымдардың қаржылай және саяси қолдауымен, 20-дан астам қоғамдастық денсаулық сақтау мекемелерін, су жүйелерін және мектептерді жөндеуден өткізді. Осы қоғамдастықтар жобаға жұмсалмақ қаржының жалпы сомасының орта есеппен 37 пайызына үлес қосты. 50-ден көп жоба орындалып, халыққа 2500-ден астам ұзақ және қысқа мерзімді жұмыс берілді. Осы жобалардың пайдасы 400 000-нан астам адамға тиді.

Қауқарсыз адамдарды қанаудың алдын алу

USAID Орталық Азиядағы адам саудасына қарсы бағдарламаларға 2001 жылдан бері көмектесуде. USAID Қазақстан үкіметіне адам саудасы мәселесін талқылау және оны шешуге көмектесетін бағыттарды анықтау үшін үкімет басшыларының жоғары деңгейде кездесулер мен дөңгелек үстел отырыстарында бас қосуын ұйымдастыруға қол ұшын берді. Адам саудасына қарсы шаралар бастары саудаға түсіп, елге әкелінген адамдардың қауіпті жағдайлары мен көрген зорлықтары туралы халыққа көбірек хабар беру және құрбандарға тікелей жәрдем көрсету мен ақпарат науқанына баса көңіл бөлетін, адам саудасына қарсы бағдарламаларды қалыптастыруды қамтыды.



Орталық Азияның Еуразия Қоры арқылы USAID мыңдаған Қазақстанда еңбектеніп жатқан маусымды мигранттарға құқықтық статусын жақсартуға, еңбекақыларын алуына көмектеседі. Осындай мәселелерді шешуге бағытталған Еуразия қорымен жұмыс жасайтын МЕҰ еріктісі - «Жаңа құрылыс салуының ауқымы мен үшін бір жаңалық болды, алайда, еңбек етушілер қанаушылыққа салынбауы тиіс» - дейді.

Еуразия қорының суреті

Халықтың адам саудасының қатері туралы түсінігін кеңейту үшін, USAID ұнпарақтар, постерлер тарату, мақалалар мен баспасөз мәлімдемелерін жариялау, ағартушылық фильмдерін түсіріп көрсетуді қамтыған ұлттық ақпарат науқанын өткізуге көмектесті. Сонымен бірге, USAID қызу желілер жұмысына және ҰЕҰ-дар мен үкімет қызметкерлеріне ақпарат беру шарасына демеуші болды. Осы шаралар халықтың адам саудасы туралы білімін жоғары деңгейге көтерді. 2006 жылдың күзінде жүргізілген ұлттық сауалнамаға сәйкес, 2005 жылғы 89 пайызбен салыстырғанда, сауалнама сұрақтарына жауап берушілердің 97 пайызы адам саудасының қатері туралы біледі екен.

Сонымен қатар, USAID күйзеліс орталықтары, қызу желілер мен паналау үйлеріне техникалық жәрдем беру, олардың қабілеттілігін жетілдіру және қауқарсыз адамдарға кәсіптік білім беру арқылы көмектесуге аса мән берді. Осы бағыттағы шаралар ҰЕҰ-дар желісіне көмектесу, еңбек мигранттарына кеңес беру орталықтарын құру, адам саудасының құрбандарына дәрігерлік, психологиялық және заңдық жәрдем беру, пана үйлері қызметкерлеріне, ағартушыларға, денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлеріне, заңгерлерге, дін басыларына арнап дайындық сабақтарын өткізуді қамтыды.

Шағын бастамаларды демеудің жергілікті арнасы

USAID «Еуразия қоры» атты ұйымды қаржыландыру арқылы жергілікті әлеуметтік жобалар мен реформаларды қолдап келеді. «Еуразия қоры» Қазақстанда алғаш жұмыс істей бастаған 1995 жылдан бері, USAID оның азаматтық қоғамды, мемлекеттік әкімшілікті және жекеменшік кәсіпорындарды дамытуға жәрдемдесетін шағын гранттарына 8 миллион АҚШ доллары көлемінде қаражат бөлді. «Еуразия қоры» өткен онжылдықта жергілікті қаржы көздерін тарту қабілетін дамытып, нәтижесінде бірнеше бағдарламаны USAID қана емес, сондай-ақ, өзге жергілікті және халықаралық ұйымдар қаржыландыруда. «Еуразия

қорының» USAID-тың көмегі арқылы қаржыландыратын бағдарламаларына экономика саласы бойынша білім беру, шағын іс несиесі, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау және бастама гранттары жатады. Соңғы кездері «Еуразия қоры» транс-шекаралық сауда, экотуризм, ұлттық қолөнерді дамыту және еңбек миграциясын қолдайтын бастамаларды нысанға алуда.



USAID көмегінің арқасында, Шымкент қаласының Сауле ықшамауданының тұрғындары 2004 жылдан бастап үйлеріне ауыз судың құбырларын өткізді. Имам Таир Жүсіпов: «Бұл жерде мен 18 жыл тұрдым, бізде ешқашан ауыз су болмайтын. Сауле ықшам ауданында USAID келгеннен кейін жұмыс алға басты» – дейді. Бағдарлама көлемінде 18 миллион теңге қаржы бөлініп, 67 километр құбыр өткізіліп, 850 үйде 6000 мыңнан астам адам ауыз суымен қамтамасыз етілді. Қаржыландырудың бір жартысын USAID бөліп, екінші жартысы жергілікті әкімшілік пен тұрғындардан жиналды.

USAID суреті

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҚСARTY

Денсаулық сақтау жүйесінің реформасы

USAID Қазақстан үкіметіне денсаулық сақтау жүйесін реформалауда оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және халыққа аса жоғары сапалы медициналық қызмет көрсету сияқты мәселелердің шешілуіне қолдау жасаған тұңғыш донорлық ұйым болды. 1993 жылдан бастап, USAID сарапшылары денсаулық сақтау реформасын ұлттық тұрғыда қаржылық реформа мен дәлелді медицинаны ендіру үстінде қызмет етумен қатар, дәлелді медицина сапасының жақсаруы және медициналық мекемелер тәжірибесінің таралуына ықпал етті. USAID – Қазақстан медицинасын реформалауға зор үлесін қосқан, сонымен қатар қымбат Кеңестік арнайы жабдықталған мекемелер мен ауруханалардан, тиімді алғашқы медициналық көмек көрсету жүйесіне көшуіне көмегін тигізген үздік халықаралық агенттік болып табылады. USAID қолдауымен Қазақстан үкіметі денсаулық сақтау мен дамыту саласындағы реформаларды қолдау үшін қажетті нормативті-құқықтық және реттеу негізін құруға, ұлттық ауқымда алғашқы медициналық көмек көрсетуге бағытталған реформа жүйесін ендіру мен байқаудан өткізуге жәрдемдесті. Агенттік денсаулық жүйесінің бірнеше салаларында заңдар мен ережелерді жетілдіруге, әсіресе денсаулық саласына арналған қаржы қорларын басқаруға және бөлуге зор үлесін қосты.

Алғашқы медициналық көмек көрсету

Денсаулық сақтау жүйесінің қайта құруына бағытталған күш Қазақстандағы алғашқы медициналық көмек көрсету жүйесінің құрылуына, олардың жоғары тұрған медициналық мекемелерден қаржылық, әкімшілік түрде тәуелсіз болуына жұмылдырылды. USAID көмегімен Жезқазған, Сәтпаев, Семей қалаларындағы алғашқы

медициналық көмек көрсету емханалары қайта құрудан өтті, ауылды жерлерге ең қолайлы емхана моделі Семей облысында байқаудан өткізілді. USAID алғашқы медициналық көмек көрсету мамандарын оқытып, аталған ауруханалардың басшыларын алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің жаңа әдістеріне үйретіп, кейбір құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. 1998 жылы алғашқы медициналық көмек көрсету емханаларын қайта ұйымдастыру - денсаулық сақтау саласындағы ұлттық саясаттың бір бөлігі болды, 2000 жылға таман бүкіл Жезқазған мен Семей тұрғындары алғашқы медициналық көмек көрсету емханаларымен қамтылды. USAID көмегімен аталған моделдер Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарын қамтыды.

1999 - 2004 жылдар аралығында USAID Астана қаласының әкімшілігіне алғашқы медициналық көмек көрсету сапасын жақсартуға жәрдемдесе отырып, алдын ала емдеу мен жаңу медицинасының алғашқы медициналық көмекпен бірлескен әлеуметтік қызмет көрсетуді дамытуға жәрдемдесті. 2000 жылы USAID қолдауымен Демеу Медициналық Орталығы ашылды, мақсаты жергілікті халыққа алғашқы медициналық көмек көрсетуге бағытталған модельмен таныстыру болды. Орталық жергілікті халық арасында белсенді түрде хабарландыратын науқан өткізіп, әлеуметтік жұмыстар мен денсаулықты қолдау емделушілер клубын ұйымдастырып, мәдени шаралар өткізді. Аталған орталықтың жетістіктері мен медициналық көрсеткіштердің жақсаруына байланысты Қазақстан үкіметі осы модельді бүкіл мемлекетте енгізуді ұйғарды. USAID аталған модельді келесі төрт жаңа аймақтарда кеңінен ендіру мақсатында Орал мен Ақтөбеде бір, Семейде екі орталықты қаржыландырды. Орталықтардың бәрі сол қоғамдағы қауіп топтарын қолдау клубтарын құрды. Аталмыш модель облыстағы жедел жәрдемге телефон соғу санының азаюына және дәрігерлерге қаралу мен ауруханаға



USAID клиникалық қызмет көрсетуге, әсіресе ескі үлгідегі медициналық қызмет көрсетуден алғашқы медициналық қызмет көрсету үлгісіне көшуі мен мемлекеттік емес алғашқы медициналық қызмет көрсету мекемелеріне құрал-жабдық алу үшін гранттар бөлуіне үлкен көмек көрсетті. Дәрігерлерді Жетілдіру Институтымен бірлесе отырып, USAID жүздеген жаңу дәрігерлері мен медбикелерін оқытты. Медицина қызметкерлеріне жаңу дәрігерлеріне қажетті кардиология, гинекология, педиатрия, респираторлық инфекция, диарея, жыныстық қатынастар арқылы берілетін аурулар сияқты салаларда білімдерін жетілдіруіне көмек көрсетті.

Абт Ассошиейтс суреті

жату жағдайларының азаюына ықпалын тигізді.

2006 жылы USAID серіз алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған демонстрациялық аймақтарға қолдау көрсетіп, халықтың 39 пайызын қамтыды. Емделушілердің алғашқы медициналық көмек көрсетуге деген сенімі артып, жалпы емханаға қаралулардың 50% алғашқы медициналық көмекке қаралатындар болды. Алғашқы медициналық көмек көрсетудің бала әкелу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалар ауруларын бақылау, антибиотиктарды дұрыс қолдану, созылмалы ауруларды, соның ішінде гипертонияны бақылау сияқты салаларында USAID өз үлесін тигізді.

USAID үкіметке Президент бұйрығымен 2004 жылы қабылданған халықтық «Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесін реформалау» жобасының реформасын жетілдіруге жәрдемдесті. Бұл бағдарлама Қазақстанның бүкіл мемлекеттік бағдарламасының аумағында жеке шаралардың жақсартуын қолдайды. Бағдарламаның аяқталуына дейін жүйелік реформалар алғашқы медициналық көмектің оңай қол жеткізілетін және сапасының жақсаруына ықпалын тигізуі қажет.

Дәлелді медициналық қызмет көрсету: Отбасылық медицина

Қазақстанда мамандандырылған емдеуге баса мән беру Кеңес денсаулық

сақтау жүйесінен қалған мұралардың бірі болып табылады. Оған емделуші үшін әрқашанда пәрменді, тиімді және қауіпсіз бола бермейтін ұзақ мерзімге ауруханаға жатқызу, көптеген арнайы анализдер тапсырттыру және өзге араласу әрекеттері жатады. USAID медициналық институттарға дәлелге негізделген дәрігерлік қызмет көрсету үрдісін енгізу және дәлелді медициналық нұсқауларды қалыптастыруға ынталандыру арқылы осы жағдайды өзгерту үшін жұмыстар атқарып келеді. Кеңестік денсаулық сақтау ісіне қолжетімді баламаны қамтамасыз ету мақсатында, USAID елді отбасылық медицина құрылымымен таныстырды. Отбасылық медицинада бір дәрігер бүкіл жанұяны әдеттегі сырқаттардың алуан түрлері бойынша бастапқы медициналық қызмет көрсету мекемесінде қабылдай алады.

USAID 1994 жылдан бастап, Жезқазған мен Семей облыстарында көрсетілген бастапқы медициналық қызмет көрсету бағдарламалары арқылы поликлиникаларға құрылымдық өзгертулер енгізуге көмектесті. Ана және бала денсаулығын сақтау ісін репродукциялық денсаулық, жұқпалы және созылмалы аурулармен күрес және аурудың алдын алу ісімен біріктірді. Поликлиникалардың қайта ұйымдастырылуына жәрдем беру үшін, USAID кейбір аса маңызды дәрігерлік құрал-жабдықпен қамтамасыз етті. 1994 және 1997 жылдар аралығында Жезқазған облысында дәрігерлік қызмет көрсетуге мекемелердің саны нөлден 56-ға өсті. Қоғамдық ақпарат тарату науқанының нәтижесінде, 1998 жылы Жезқазған қаласы халқының 75 пайыздан көбі өздері қалаған отбасылық

медицинамен қамтамасыз ететін бірлестікке жазылған. 2001 жылы пилоттық аймақтарда 600-ден астам отбасылық медицина мекемелері болды.

USAID Қазақстан үкіметіне ұлттық бастапқы денсаулық сақтау мекемелеріне жазылу туралы ережелер мен аса қажетті заңнамалық өзгерістер шығаруға ақыл-кеңес берді және 2003 жылы Қазақстан дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында отбасылық медицина бойынша мамандандырылған жаңа екіжылдық курсты бастауға көмектесті. USAID осы институтпен ынтымақтаса отырып, дәлелді медицинада қолданылатын ең үздік рәсімдерді пайдаланып, бірнеше мыңдаған отбасы немесе жалпы медицина қызметкерлерін қайта даярлаудан өткізді. USAID елдің түкпір-түкпірінде саясаткерлер мен халыққа дәлелді медицинаның артықшылықтарын түсіндірумен шұғылданатын «Қазақстан отбасы дәрігерлерінің қауымдастығы» арқылы отбасылық медицинаның құрылымдық сипат алуына көмектесуін жалғастыруда. Бірлестік компьютерге негізделіп, қашықтан оқыту бағдарламалары арқылы медицина профессорларының кәсіби біліктілігін шыңдауға және үздіксіз дәрігерлік білім беруге де көмектеседі.

Күре тамыр қысымы ауруымен күресу

Күре тамыр қысымы жүрек-қан тамырлары ауруына айтарлықтай ықпал етеді. Өлім көрсеткіші бойынша жүрек-қан тамырлары дерті Қазақстанда бірінші

«Демеу» жанұя медициналық орталығы кең ауқымды медициналық және әлеуметтік қызметтермен қатар, жастарға, мүгедектерге, зейнеткерлерге арналған ақпараттық-білімдік қызметтер көрсетеді. Орталық USAID бастауымен Астана-Питтсбург серіктестігінің негізінде құрылған. «Аталған бағдарлама арқылы, физикалық сырқат белгілерінен басқаны анықтауды үйрендім» - дейді Орталық директоры Роза Абзалова, - Жаңа әдістеменің қолданылуындағы өзгерістің таң қалдым»- дейді.

Американдық халықаралық денсаулық сақтау одағы (AИHA) суреті



орынды алады. 100 000 адамның 536-сының өмірін қиятын бұл дерт жылдық өлім көрсеткіші бойынша өзге жұқпалы және ісік аурулары сияқты өлімге басты себепкер дерттерден асып түседі. USAID 2005 жылдан бері Қазақстан үкіметіне күре тамыр қысымы ауруын айқындайтын дәрігерлік тексеру және емдеуге берілетін, дәлелді медициналық қызмет көрсету нұсқауларын енгізуге көмектесуде. Осы нұсқаулар USAID -тың көмегімен Қарағандыда отбасылық медицина орталықтарында пилоттық бағдарлама ретінде іске асырылды. Нәтижесінде, пилоттық жоба басталғаннан кейін бір жыл ішінде пилоттық бағдарлама өткізілген орталықтарда қойылған күре тамыр қысымы диагнозы төрт есе көбейді. Содан кейін, USAID-тың көмегімен қалыптастырылған күре тамыр қысымы туралы дайындық модулі Алматы дәрігерлердің білімін жетілдіру институты мен Қарағанды және Семей мемлекеттік медициналық академияларының отбасылық медицина бойынша дәрігерлердің білімін жетілдіру кафедраларының бастапқы денсаулық сақтауды оқыту бағдарламасына біріктірілді.

Сәби мен бала денсаулығы

USAID 1990 жылдардан бастап жергілікті әріптестеріне әдетте бала өліміне әкелетін жағдайларды анықтау және оларға қарсы күресудің дәлелді стратегияларын өз іс-тәжірибелеріне қосуға көмек беруде. 1990 жылдары Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) мен БҰҰ Балалар қоры Қазақстанда денсаулық сақтау қызметкерлеріне балалардың іш өту

ауруларын емдеу және жоғары тыныс алу жолдарының инфекциясына қарсы күресу үшін кішігірім көлемді бағдарламалар енгізген болатын. USAID «Бала ауруларын біріктіріп емдеу және алдын алу» деген атпен белгілі халықаралық үздік іс-тәжірибеге жол ашатын осы бағдарламаларды қолдады және 1996 жылы іш өту аурулары мен жоғары тыныс алу жолдарының кесірінен науқас болу мен өлу көрсеткішін азайту мақсатында Жамбылда бала денсаулығы бағдарламасын енгізуге көмектесті.

USAID сәбилер арасында вакцинамен алдын алуға болатын аурулармен күресу үшін вакцина, мұздатқыш құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, ДДСҰ ұсынымдарына сәйкес жаңа вакцинациялау кестесін енгізді. USAID -тың көмегімен күл ауруы (дифтерия) 1995-1996 жылдардағы 1106-дан 455-ке, яғни 60% азайды. 1996 жылғы полиомиелитке қарсы USAID қаржылай қолдаған ұлттық вакцинациялау күндері халықтың 95% қамтыды және сол жылы полиомиелит ауруы тіркелген жоқ. Сонымен бірге, USAID пен «АҚШ Аурудың алдын алу мен бақылау орталығының» жәрдемімен, Қазақстан үкіметі 1998 жылы жаңа туылған нәрестелерді гепатиттің В түріне қарсы вакцинациялауды енгізді. 1990 жылы 100 000 адамның 27-87-сі гепатит В ауруына шалдыққан болса, ал 2000 жылы 1-ден 6-ға дейінгі жастағы балалар арасында бұл аурумен ауырған жағдайлар орын алған жоқ.

USAID пен «АҚШ Аурудың алдын алу мен бақылау орталығы» облыстық деңгейде есеп берудің компьютерленген

нысанын пайдалана отырып, 1996 мен 1997 жылдары әр жағдайды талдап, полиомиелит, күл ауруы, туберкулез және гепатитті бақылау жүйесін орнатуға көмектесті. Бақылау жүйесі 2001 жылы елдің түкпір-түкпірінде жұмыс істеп, өлім төндіретін бала ауруларын пәрмендірек бақылауға және емдеуге көмектесті.

Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің арасында «Бала ауруларын біріктіріп емдеу және алдын алу» бағдарламасын бастаған алғашқы мемлекеттердің бірі болды. Денсаулық сақтау министрлігі 1998 жылы USAID -тан «Бала ауруларының біріктірілген емі» бағдарламасының Семейде пилоттық жобасын өткізуге көмектесуін өтінді. Ол бала тамағы мен жалпы денсаулығына қосымша мән бере отырып, іш өту аурулары мен жоғары тыныс алу жолдарының инфекциясын (оның ішінде өкпе қабынуы да бар) емдеуді көздеді. Жаңа туған нәрестелерді тірілту бағдарламасы USAID -тің көмегімен 1999 жылы қалыптастырылды. Бір жылдың ішінде 100-ден астам жаңа туған нәресте дәрігерлері дайындықтан өтіп, бағдарлама жоғары баға алып, қайта бекітілді. Содан кейінгі жылы USAID Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының сегіз ауданында пилоттық бағдарламалардың жаңа кезеңін бастап, уақыт өте Алматы облысында Дүниежүзілік банктің бастаған пилоттық жобасын мойнына алды.

Бастапқы дәрігерлік қызмет көрсетушілерінің 82% «Бала ауруларын біріктіріп емдеу және алдын алу» бағдарламасы бойынша даярлықтан өткен Қарағанды облысының пилоттық аймақтарында бес жасқа дейінгі



Просковья Мелихова жылдар бойы гипертония сырқатынан зардап шегетін. Өскемен қаласында USAID қолдаған жоғары қан қысымын алдын-алу мен емдеу курстарына жазылуды ұйғарды. «Енді мен артериялық қысымды бақылаудың көптеген тиімді тәсілдерін білемін»-дейді Просковья. «Мен ұдайы қан қысымын тексеріп, таза тағам жеп, өзімді жақсы сезінемін» - дейді. Денсаулық сақтау Департаментінің мәліметі бойынша өткізілген шаралардан кейін алты ай бойына осындай сырқаттардан жедел жәрдемге соққан қоңыраулар саны 30 % азайды.

Абт Ассошиэйтс суреті

балалардың іш өту аурулары мен жоғары тыныс алу жолдарының инфекциясынан өлуі 2003 жылы азайды. Облыста жыл сайын іш өту ауруларынан қайтыс болатын балалар саны 1997-2003 жылдар аралығында 68-ден 16-ға азайды. Өкпе қабынуынан қайтыс болған нәрестелер саны 1997 жылғы 42-ден 2003 жылы 25-ке кеміді. «Бала ауруларын біріктіріп емдеу және алдын алу» рәсіміне сәйкес, көптеген балалар ауруханадан гөрі бастапқы денсаулық сақтау мекемесінде емделді. Осындай көрсетілген көмек, сонымен бірге, лейкемия, астма және өзге тыныс жолдарының қабынуы дерттерімен ауыратын балалардың жағдайын жақсартты.

USAID 2004 және 2005 жылдары «EchhoMobil» компаниясымен бірлесіп, Астанада «Бала ауруларын біріктіріп емдеу және алдын алу» жүйесін енгізді. «Қазақстан отбасы дәрігерлерінің қауымдастығы» және жергілікті атқару органдарымен ынтымақтаса отырып, USAID пен «EchhoMobil» компаниясы Астана медициналық орталықтарының дәрігерлерін дайындықтан өткізіп, халықты денсаулық сақтау ісіне қатыстыру және ата-аналарды оқытуға да күш салды.

USAID 2000-2004 жылдары балалар мен нәрестелер күтіміне арналған денсаулық сақтау стратегияларын ата-аналар мен қоғамдастықтың өзге мүшелеріне үйретуді көздейтін денсаулық сақтау туралы ағартушылық науқанын қаржылай қолдады. Қарағанды мен Жезқазған қалаларында басталған осы науқан елдің түкпір-түкпіріндегі бірнеше миллион халықты қамтыды. Науқанның алдында және науқаннан кейін өткізілген сауалнамалар жауап берушілердің шамамен 13 пайыздан астамы балаларының іші өткеннен кейін оларды тамақтандыратынын және 10 пайыздан азы іш өту жайтының алдында және одан кейін балаларын тамақтандырмайтынын көрсетті. Сауалнамаға жауап берушілердің түгелге жуығы балалардың жоғары тыныс алу жолдарының инфекциясы ауруының жедел дәрігер көмегін қажет ететін белгілерін дұрыс көрсете білді.

Қазақстан үкіметі 2004 жылы USAID -тың көмегімен амбулаториялық емделушілерге арналған жаңа дәрі-дәрмекпен қамсыздандыру бағдарламасын қалыптастырды. Бұл бағдарлама аясында «Бала ауруларын

біріктіріп емдеу және алдын алуға» қажетті дәрі-дәрмек тегін берілді. USAID 2005 жылға дейін іш өту ауруы мен жоғары тыныс алу жолдарының инфекциясымен ауыратын балаларды емдеумен шұғылданатын 1600-ге жуық дәрігерді дайындықтан өткізуге көмектесіп, медициналық білім беру ісіне және денсаулық сақтауға қатысты саясатты қалыптастыруға жәрдем берді. «Бала ауруларын біріктіріп емдеу және алдын алу» ісінің басты бағыттары Қазақстанда біртіндеп жалпы іс-тәжірибеге енді.

USAID 2008 жылы Қазақстанға Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) ұсынған «Нәрестенің тірі туылуы өлшемдерін» қабылдауға көмектесіп, нәресте науқастығы мен өлімін азайтуға жол ашты. USAID 2002 жылдан бері «Арудың алдын алу мен бақылау орталығы» арқылы осы өлшемдерді енгізуге жәрдемдесуде. USAID Алматы қаласы мен облысындағы он перзентханада пилоттық үлгіні дамытып, енгізуге қол ұшын беріп, кейбір ережелер мен есеп құжаттарын қайта өзгертуге көмектесті. Жаңа өлшемді енгізуге бағытталған пилоттық шаралардың нәтижесінде ескі өлшемдер бойынша өмір сүруге қабілетсіз деп танылмақ болған 200 шамалы нәресте тірі қалды.

Репродукциялық денсаулық сақтау қызметі және жасанды түсік тастау

Орталық Азиядағы репродукциялық денсаулық сақтау ісін алғашқы бағалау отбасын жоспарлауда аборттың жоғары деңгейде қолданылатынын және заманауи контрацепциялық құралдардың аз пайдаланылатынын көрсеткендіктен, USAID 1993 жылы репродукциялық денсаулық сақтау қызметінің сапасын жақсартып, тұрақты дамытуына көмектесе бастады. Бұл жұмыс техникалық жәрдемді, дайындық курстарын, ережелерді қалыптастыруға, құрылымдық дамуға және емделушілерді оқытуға көмек беруді қамтыды. USAID контрацепциялық дәрі-дәрмектердің коммерциялық нарығын дамытуда және репродукциялық денсаулық сақтау қызметін жетілдіруде жекеменшік сектормен ынтымақтастық орнатты. 1997 жылы жоғары сапалы әрі қымбат емес контрацепциялық дәрі-дәрмектер Қазақстан дәріханаларының 50 пайызында сатылып жатты.



USAID қолдауымен Қазақстан қағылез бала туудың жаңа өлшемдеріне көшті, өлшемдерге сәйкес 500 г салмақпен, 22 апта мерзімінде туған балалар іш тастау емес, жаңа туған нәрестелерге жатады. Нәрестелер арасында өлім-жітімнің азаюы Қазақстанға медициналық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді. Халықаралық денсаулық сақтау ұйымы ұсынған жаңа өлшемдерге сәйкес, туған нәрестелерді кеңінен тіркеу елімізде 2008 жылдың қаңтарынан басталды.

Абт Ассошиэйтс суреті

Дәрігерлер, медбикелер, акушерлер және фельдшерлер заманауи бала бітірмейтін технологияға және сол туралы кеңес беруге үйретілді. 1988-1999 жылдары өткізілген сауалнамалар бала бітірмейтін технологияларды пайдалану деңгейі айтарлықтай өсіп, жасанды түсік тастауға байланысты болған дерттердің азайғанын көрсетті. Осы шаралардың бірі ретінде,

USAID 1998 жылы репродукциялық денсаулық туралы дәл және құпия ақпарат беретін қызу желіні орнатты. 2004 жылға дейін 50 000-нан астам қазақстандық азаматтар, негізінен әйелдер мен жасөспірімдер, жыл сайын «Қызыл алма» қызу желісімен хабарласып жатты. Бұл қызу желіні қазір «Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығы» басқарады. Ол берілген қаржыны елдің он бір қаласында қызу желі санын екі есе өсіруге пайдаланды.

Толық амбулаториялық қызмет көрсететін «Әйелдер саулығы орталығы» 1996 жылы Алматыда USAID -тың демеушілігімен, Қазақ педиатрия зерттеу институты, Алматы қалалық денсаулық сақтау департаменті, Алматы қалалық нәресте орталығы мен Аризона штаты Туссон қаласының денсаулық сақтау ұйымдарының арасында орнатылған әріптестіктің нәтижесінде ашылды. Аталмыш орталық қаланың басты репродукциялық денсаулық сақтау орталықтарының бірі ретінде жұмыс істеп, өз емделушілеріне ағартушылық бағдарламаларын, отбасын жоспарлау, жатыр мойыншасы мен сүт бездерінің қатерлі ісік ауруының алдын алу және бедеулік туралы дәрістер ұсынады. Орталықтың нәресте денсаулығы

бағдарламасының әйгілі болғаны сонша, USAID Алматыда жаңа жерден екінші орталық ашуға көмектесті. Содан кейін, ол қаладағы барлық әйелдер консультациясы орталықтарына үлгі болды. Сонымен қатар, орталық Алматы медициналық колледжі медбике студенттерінің емделушілер мен қоғамдастықтарға ақыл-кеңес беруге дайындалу орнына айналды.

USAID, сондай-ақ, бастапқы дәрігерлік қызмет көрсету орындары мен ауруханаларда отбасын ерікті жоспарлау мен жаңа заманғы бала бітірмеу жолдарының кеңінен қолданылуына жол ашуға және жүктілік, бала туу және жаңа туған нәрестеге дәрігерлік күтім көрсетуге қатысты дәрігерлік іс-тәжірибелерді жаңартуда жұмыс істейді. Бұған бала туғанға дейін бастапқы медициналық қызмет көрсететін дәрігерлерге бару, босану кезінде инвазивтік тәсілдерді қолдануды азайту, анаға босану кезінде жолдасы немесе жақын адамының көмек беруіне ынтылдандыру, баланы тек емшек сүтімен тамақтандырудың маңыздылығына баса мән беру жатады. USAID 2006 жылы Жезқазған, Сәтпаев, Алматы және Астанада бала босанған және жасанды түсік тастаған әйелдермен жұмыс істейтін бастапқы дәрігерлік көмек көрсететін орындар мен ауруханаларға арнап, отбасын жоспарлау туралы ақыл-кеңес беру бойынша дайындық курсы өткізді. Ақыл-кеңес берумен қатар, «Органон» фармацевтикалық компаниясы тегін қамтамасыз еткен, құны 600 000 АҚШ долларын құраған бала бітірмеуге пайдаланылатын дәрі-дәрмек берілді. Экономикалық ахуалы нашар шамамен 25 000 әйел 2006-2007 жылдары контрацепциялық дәрілерді тегін алды.

Осы қалалардың екеуінен алынған дерек бойынша, жасанды түсік тастау жағдайының бала босануға қатысты ара салмағы 50-ден астам пайызға азайған: Қарағандыда 2000-2006 жылдар аралығында босанған 100 әйелмен салыстырғанда жасанды түсік тастаған әйел саны 102-ден 49-ға кемісе, ал Семейде 2004-2006 жылдары босанған әрбір 100 әйелмен салыстырғанда жасанды түсік тастаған әйел саны 55-тен 23-ке азайған.

Перинатальдік күтім көрсету

Қазақстанда перинатальдік күтім көрсету тым артық және негізсіз дәрі-дәрмектерді белгілеу мен ескірген емдеу әдістерінің кеңінен қолданылуымен ерекшеленеді. Нәресте орталығы USAID -тың көмегімен ережелерге бірқатар маңызды өзгерістер енгізді. Сондай өзгерістердің қатарында жаңа туған нәрестені анасымен бірге бір бөлмеге орналастыру және отбасына бағытталған босану бағдарламасын дамыту болды. Нәресте орталығының акушерлері кесір тілік (кесарево сечение) жасау уақытын қысқартып, нәтижесінде қансырау мен инфекция жұқтыруды азайтатын, жетілдірілген әдісін үйренді. Осылай өзгертілген іс-тәжірибе Алматы қалалық перинаталарында стандарт ретінде орнықты.

2001 жылы USAID -тың көмегімен өткізілген бағалау жұмысы денсаулық сақтау қызметкерлерінің жүкті әйелдердің 85-90 пайызын «қауіпті жағдайда» деп есептейтінін көрсетті. Медициналық жолмен араласуды азайтудың пайдасын және әйел



2002 жылдан бастап USAID қазақстандық дәрігерлер мен медбикелерге өзара қарым-қатынас жайлы оқыту курстарын жүргізуде. Аталған курстар емделушілермен қарым-қатынас кезінде жағымды жағдай қалыптастыруды үйретеді. Осындай әдістеме пациенттерге де, дәрігерлерге де жағымды әсерін тигізеді. «Бұрынғы кезде мен емделушілерге аса көңіл бөлмейтінмін, кейде сөзім аяғына дейін тыңдамайтынмын. Қазірде мен ондайды қадағалаймын. Жайлы жайғасып, әңгіме бастаймын» – дейді курсқа қатысушылардың бірі.

Білім беру дамытуының академиясы суреті

мен оның отбасына жағымдырақ әдістемені көрсету мақсатында, USAID пен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) 2002 жылы Жезқазғанда пилоттық жоба бастады. Ауруханалардың перзентхана бөлімдерінде және отбасылық медицинамен шұғылданатын орталықтарда қызмет ететін гинекологтар мен акушерлерге, сондай-ақ, нәресте денсаулығы мамандары мен жаңа туған нәрестелерге қызмет көрсететін медбикелерге арналған жаңа әдістеме туралы дайындық курстары өткізілді. Жоба өткен бір жылдың ішінде дайындық курсына қатысқан ауруханалар мен орталықтарда босанғанға дейін қажеті жоқ кезде ауруханаға босқа жатқызылу, кесір тілік арқылы босандыру, қажеті жоқ ультрадыбыс тексерісі, босанғаннан кейін ауруханада жатудың орташа мерзімі және ауруханаға орналастыруды қажет етпейтін жайттарда ауруханаға жатқызылудың орташа уақыты азайғанын көрсетті.

Пилоттық жоба денсаулық сақтау ісін жақсартып отырып, шығындарды азайтуда сәтті болғандықтан, Қазақстан үкіметі «Босанғанға дейінгі дәрігерлік күтім» туралы жаңа бағдарламаны қабылдап, жаңа әдістемелерді ұлттық ережелерге енгізіп, USAID -тың көмек көрсеткен қалаларын үлгі ретінде қолданды. Бағдарлама содан кейін Қарағанды қаласында өткізілді. 2004 жылы жүргізілген сауалнама хирургиялық рәсімдердің айтарлықтай азайып, аналардың көрсетілген дәрігерлік қызметке қанағаттануының артқанын сипаттады. USAID 2006 жылдан бері Exxon Mobil, «Қазақстан отбасы дәрігерлерінің қауымдастығы», жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, «Босанғанға дейінгі дәрігерлік күтім бағдарламасын» Астанада жүзеге асырумен айналысып жатыр.

USAID -тың пилоттық аймақтарында өткізілген босанар алдындағы күтім туралы сабақтарына қатысқан, босанғалы отырған аналардың барабарлық шамасы 2006 жылғы 2%-ға жетер-жетпес болса, ол 2007 жылы 21%-ға көбейді. Жолдасының қатысуымен босанған әйелдердің саны 18 пайызға өсті. Бұл жоба әсерлі нәтиже беріп, қазір Денсаулық сақтау министрлігінің қосымша облыстардағы жобаларына үлгі болуда.

Медициналық қызмет көрсетудегі қаржыландыру жүйесінің реформасы

USAID қолдаған пилоттық жобалар Жезқазған облысында (кейіннен Қарағанды облысымен біріктірілген), Семей облысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысының бөлігі) жүзеге асырылуымен қатар, денсаулық сақтаудағы жаңа қаржыландыру жүйесінің заңды негізінің құрылуына өз үлесін қосты. Қарағанды облысында байқаудан өткен қаржыландыру реформаларының аумағында облыстық деңгейде қаржы жиналып, Денсаулық Сақтау Департаменті жалғыз төлеуші өкілеттілігіне ие болып, көрсетілген қызметтің жаңа тиімді төлем жүйесі ендірілді. USAID денсаулық сақтау қаржыландыру реформаларын ендіруде ұлттық заңды негіздің құрылуына жәрдемдесті. USAID-тің пилоттық жобаларының арқасында ауруханаларда емделіп болғаннан кейін төлем жүйелері ендірілді. Облыстық аумақтарда ұлттық және пилоттық жобаларда жұмыс істеп жатқан USAID кеңесшілері, ауруханалар мен емханаларда қаржыландыру жүйесін ендірудің нұсқаулықтарын ұсынды.

Денсаулық сақтау департаменттері мен медициналық мекемелер қызметкерлеріне қаржылық есептілікті жүргізу мен ішкі жабдықтау сапасын арттыру жөнінде тренингтар өткізілді. Емделіп болғаннан кейін төлем жүйелерінің ендірулеріне байланысты 1997 жылға қарай ауруханаларда жату мерзімі 20% азайып, жергілікті емдеу мекемелерінің қаржысы алғашқы медициналық-санитарлық шараларының профилактикасына үнемделуіне мүмкіндік жасады. USAID сарапшылары ендірген жаңа қаржылық есептілік мағлұматтар талдауын жүргізу жүйесі төсек басы төлемге емес, емделіп болғаннан кейін қызмет төлеміне әкеліп, аталған инновация қызмет сапасын жақсартып, мемлекеттік ауқымда қазына үшін қаржыны үнемдеді. Алғашқы медициналық көмектің маңыздылығының өсуімен қатар, көрсетілген медициналық қызмет төлемдері Қазақстанның 32% поликлиника мен 56% ауруханаларында жүзеге асырылды.

2003 жылы Алматы қаласының Денсаулық Сақтау Департаментінің сұрауы бойынша, USAID Алматы



Отыз екі жасар Гүлжанның екінші баласы 2003 жылы Жезқазғанның перзентханасында дүниеге келді, сол кезде USAID өткізген қауіпсіз аналық жобасы өткізіліп жатқан. 1996 жылдан гөрі бұл жолғы бала әкелуі бөлек болды. «Перзентханада өзгерістер болғанын бірден байқадым» - дейді. «Нәресте әкелгенде акушерка маған мейріммен қарап, бір жағынан жолдасым қолымды ұстап көмектесті. Туылғаннан кейін нәрестені ішіме жатқызып, 30 минуттан оны қалай емізу керектігін түсіндірді» - дейді.

Абт Ассошиэйтс суреті

қаласының алғашқы медициналық көмек көрсетуде кісі басына төлем жүйесін ендіруге көмек көрсетуді бастады. Қала бюджетіне ықпал ететін поликлиникаларға қаралушы емделушілердің дұрыс тіркелуі мен статистикалық, клиникалық, қаржылық мәліметтер ұсынуға Денсаулық Сақтау Департаменті мен қалалық медициналық мекемелердің шешім қабылдау процесін жеңілдету үшін USAID халық жайлы мәлімет қорын құруды ұсынды. Жобаның іске асырылуы үшін USAID құрал-жабдық қамтамасыз етіп, мәліметтер базасын жетілдіріп, мамандарды үйретіп, екі тұнғыш мекеме жайлы мәлімет қорына деректер жинауға үлесін қосты. Осының арқасында 60 мыңнан астам тұрғындар тіркеліп, олар жайлы мағлұматтар мәлімет қорына еніп, қала бойынша сондай қорлардың пайда болуына үлгі болды.

Қабылданған Ұлттық заңнама соңғы бірнеше жылдар ішінде, көрсетілген қызмет үшін төлем жүйесінің ұлттық ауқымда ендірілуі мен дамуына тосқауыл болатын көптеген кедергілерді жойды. 2004 жылы Президент бұйрығымен Денсаулық Сақтау мен Дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша қаражатты облыстық деңгейде жинауды міндет етті. USAID денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесінің дайындығы мен жүзеге асырылуына ұлттық деңгейде үлес қосты.

Өткізілген шаралардың шарықтауы 2008 жылы Әлемдік Банк пен АҚШ үкіметі қолдаған, 300 млн. АҚШ долла-

ры тұратын Денсаулық Сақтау технологияларын тапсыру жобасы болды. Қаржының 60 % Қазақстан үкіметі, ал 40% Әлемдік банкі бөледі. Бұл жоба денсаулық сақтау секторындағы маңызды реформаларды жалғастыра отырып, халықаралық стандарттарды ендірумен қатар Денсаулық сақтау Министрлігі мен оған қарасты медициналық мекемелер арасында ұзақ мерзімді ұжымдық қатынас орнауын қамтамасыз етеді. USAID жобаның жетілдіру кезінде, Қазақстандық әріптестермен қосымша есеп беру арқылы, тиімді қарым-қатынас орната отырып, жобаның ендірілуі мен жетілдіруіне зор үлесін қосты.

Тиімді фармацевтикалық жүйе

USAID -тің ақыл-кеңесінің нәтижесінде, Қазақстан үкіметі 1995 жылы орталықтандырылған фармацевтикалық монополияны жойып, жекеменшік дәріханалардың қызметіне рұқсат беру жөнінде шешім қабылдады. Қазақстан дәріханаларының 90 пайызы 1997 жылға дейін USAID -тың көмегімен жекеменшік тұлғаларға берілді. Нәтижесінде, дәрі-дәрмек бағасы (мемлекеттік дәріханаларда сатылған дәрі-дәрмектен 6% төмен) шұғыл төмендеп, сатылатын дәрі-дәрмектің саны көбейді.

USAID ДДСҰ-ның стандарттарына сәйкес ең пәрменді әрі ең арзан дәрі-дәрмектерді сатып алу процесінде басшылыққа алынатын дәрі-

дәрмектердің ұлттық тізімін енгізуге көмектесті. Дәрі-дәрмек сатып алудың халықаралық деңгейде танылған стандарттарына сай, стандартты тендер құжаттары мен дәрі анықтамалары «Туберкулезбен күрес бағдарламасы» үшін қалыптастырылды. Сатып алынып жатқан туберкулез дәрі-дәрмектері түрлерін жақсарту туралы берілген ұсынымдардың нәтижесінде, туберкулез дәрі-дәрмегін сатып алуға жарияланған 1999 жылғы тендер арқылы келген дәрілердің 83% «Тікелей бақылау арқылы қысқа емдеуге» (DOTS) жарамды болып (1998 жылы 26% пайыз ғана болатын), «Туберкулезбен күрес бағдарламасының» іске асырылуына тікелей көмектесті. Дәрімен пәрмендірек қамтамасыз ету үшін дәрі туралы ақпарат жүйесі қалыптастырылды.

USAID 2001 жылы Қарағандыда Қазақстандағы алғашқы «Фармацевтикалық ақпарат орталығын» ашуға көмектесті. USAID қаражат бөліп, құрал-жабдықпен қамтамасыз етіп, дайындық курстарын өткізіп, ауқымды техникалық жәрдем берді. Орталық 2003 жылға дейін дәрігерлердің, фармацевттердің және емделушілердің 1500-дан астам өтініші бойынша ақпарат берді. Бұл жұмыс дәрігерлер жиі жазып беретін антибиотиктердің Қарағанды облысында белгіленуінің айтарлықтай азаюына себеп болды. 2003 жылы тағы бір «Фармацевтикалық ақпарат орталығы» Алматыда ашылды. USAID осы орталықтармен ынтымақтаса отырып, қоғамдық науқандарда берілген хабарлар, отбасы дәрігерлерін дайындау курстары және дәлелге негіздеп емдеуге арналған нұсқаулар арқылы дәріні дұрыс пайдалануға шақырды.



«Қарағандыда USAID өткізген нәресте аурулары мен шетінеуін қысқартудағы балалық жастағы аурулардың интегралді бақылау стратегиясы бізге екінші дем берді» - дейді курсқа қатысушылар. Айтылмыш курстар кезінде медициналық қызметкерлер ауру сусыздандырылудың ауырлығын, балалар сусыздандырылған кезде, ең қарапайым әдіс-балаға су беруді үйренеді. Егер сусыздандырылудың ауыр түрі болмаса, аналар балаға су беруді үйретіледі. Жаңа әдіс бойынша, антибиотиктер тек қана жұқпалы аурулар күмәні туған кезде қолданылады.

Абт Ассошиэйтс суреті

Туберкулезді бақылау

USAID Орталық Азиядағы туберкулез індетіне қарсы қимыл ретінде, 1997 жылы ДДСҰ-ның «Тікелей бақылау арқылы қысқа емдеу» стратегиясын Қазақстанның төрт пилоттық аймағында туберкулезден емдеу және індетті бақылау жүйесіне енгізді. «Тікелей бақылау арқылы қысқа емдеу» стратегиясы тегін дәрі-дәрмек, сенімді диагностика, емдеу барысында маманның бақылауында болуды қамтиды. Қазақстан үкіметі осы жаңа әдістің іс жүзінде сәтті екенін көргеннен кейін, 1998 жылы «Тікелей бақылау арқылы қысқа емдеу» стратегиясын ұлттық деңгейде жүзеге асыру туралы жарлық қабылдап, USAID -тан осы шараға қол ұшын беруді сұрады. «Арудың алдын алу мен бақылау орталығы» мен «ҮМІТ жобасы» сияқты мердігерлері мен грант алушылары арқылы USAID құрал-жабдықтар мен реактивтер беріп, медицина қызметкерлерін туберкулезді анықтау және емдеуге үйретті. «Тікелей бақылау арқылы қысқа емдеу» бағдарламасы 2002 жылы туберкулез диагностикасын 1995 жылдан бергі көрсеткішпен салыстырғанда (жайттарды хабарлау деңгейі) 57%-ға көбейтті.

Бастапқыда 23 облыстық туберкулезден емдеу орталығымен жұмыс істеген USAID -тың көмегі 2004 жылы екі пилоттық орынға: Талдықорғандағы Алматы облыстық туберкулезді емдеу орталығы мен бұрынғы тұтқындарды азаматтық емделу бағдарламаларына қатыстыруға ерекше мән беретін Қарағанды облыстық түзету мекемесіне ауысып, елеулі табысқа жетті. USAID -тың қолдауымен 2005 жылы құрылған «Туберкулезбен күрес жөнінде ұлттық техникалық жұмыс тобына» да Қазақстанда ұлттық басым бағыттарды анықтауға және оның туберкулезді бақылаумен шұғылданатын үкіметтік агенттіктермен, донорлық тараптармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен іс-қимылына жәрдем берілді.

USAID пен оның әріптес ұйымдары үздіксіз дайындықпен қамтамасыз ету ниетімен сегіз «Туберкулезбен күреске дайындық орталығын» ашып, 6000-дан астам қазақстандық туберкулез мамандарын, бастапқы медицина дәрігерлерін, зертхана мамандарын, медбикелерді «Тікелей бақылау арқылы қысқа емдеуге» үйретті. USAID 2006 жылы «ЖИТС, туберкулез және безгек ауруларымен күрестің ғаламдық қорынан» 9.8 мил-

лион АҚШ долларын алуға көмектесті. Оған қоса, USAID туберкулез ауруын анықтайтын «Жағдайларға негізделген басқарудың ұлттық электронды бақылау жүйесін» орнатуға көмектесті. «Тікелей бақылау арқылы қысқа емдеуге» үйрету және ауруды бақылау мен туберкулезбен сырқат адамдарды тегін емдеуге Қазақстан үкіметінің сатып алған туберкулез дәрісінің жеткілікті қоры 2007 жылы туберкулезден болған өлім көрсеткішін 50-ден астам пайызға (1998 жылы 100 000 адам басына 38.4-тен келетін өлім көрсеткіші 18.2-ге түсті) азайтты. «Тікелей бақылау арқылы қысқа емдеу» стратегиясы 1998 және 2008 жылдар аралығында 28 000 адамның өмірін сақтады деген есеп бар. Осы прогресте Қазақстанның дәрі-дәрмекпен үздіксіз қамтамасыз етуі маңызды фактор болды.

USAID 2003 жылы көп дәріге бой бермейтін туберкулезді емдеуге арналған жан-жақты бағдарламаны қалыптастыруға көмектесті: оның ішінде жаңа заманғы туберкулез зертханасы, халықаралық әдістермен жұмыс істейтін поликлиника және көп дәріге бой бермейтін туберкулезден емделушілерге арналған біріктірілген стратегия бар. 2007 жылға дейін 800 денсаулық сақтау маманы әртүрлі туберкулез мәселелері бойынша дайындықтан өтіп, қалалық зертхананың көп дәріге бой бермейтін туберкулезді анықтау қабілеті жақсарып, көп дәріге бой бермейтін туберкулезбен ауыратын бірнеше жүздеген адам жақсырақ ем алып, туберкулездің осы нысанына қарсы күрестің клиникалық рәсімдерінің топтамасы қалыптастырылып, қалада қабылданып, ұлттық нұсқауларға ұсынылды. Сонымен бірге, USAID 2008 жылы туберкулез бен АИВ/ЖИТС-пен қатар ауыру жайттарын көздеген пилоттық жоба бастады.

АИВ/ЖИТС-ты алдын алу, бақылау және емдеу

USAID АИВ/ЖИТС-тың таралуына қарсы күрестің орта азиялық бағдарламасын 2001 жылы бастады. Ондағы стратегиясы үлкен қатер төнетін топтар: егілетін нашақорлар, жыныстық қатынасты кәсіп еткендер және тұтқындар арасында аурудың алдын алу және бақылауға негізделді. USAID БҰҰ Балалар қоры мен БҰҰ-ның ЖИТС-қа қарсы күрес бағдарламасымен бірге АИВ/ЖИТС пен жыныстық жолмен



Әділге жеті айлық кезінде туберкулез диагнозы қойылды. 2005 жылы Алматы облыстық туберкулезбен күресу диспансеріне оны әкелген кезде, баланың салмағы алты килограмм ғана болатын. Жанұясы оның өміріне күдіктенген болатын. USAID өткізген біліктілікті арттыру курсынан өткен жоғары сапалы дәрігердің емдеуінің арқасында бала аурудан емделіп шықты. Бұл ауру Қазақстанда гепатитпен қатар жалпы өлім себебінің 5% құрайды.

ХОУП Жобасының суреті

таралатын инфекциялардың алдын алу туралы аймақтық конференцияға қолдау көрсетті. USAID -тің осы саладағы жұмысы АҚШ Президентінің ЖИТС-қа қарсы күреске көмектесу туралы төтенше жоспары (PEPFAR) аясында қаржыландырылады. Бұл бағдарлама «ЖИТС, туберкулез және безгек ауруларымен күрестің ғаламдық қорын» және USAID -тің дүние жүзінде АИВ/ЖИТС-ке қарсы күреске көмек беру шараларын қаржыландырады.

Үлкен қатер төнетін топтар арасында ЖИТС-тың алдын алудың пәрменді бағдарламаларын қалыптастыруға көмектесу мақсатында, USAID 2002 жылы ЖИТС індетінің кіндігі болып саналатын Қарағанды және Теміртау қалаларының 1600 егілетін нашақорлары мен жыныстық қатынасты кәсіп етушілерін кеңінен зерттеуге қолдау көрсетті. Берілген жұмыс қауіп төндіретін қылық факторларын, сауалнама жүргізілген нашақорлардың арасында көптеп кездесетін АИВ, гепатит және жыныстық жолмен таралатын инфекцияларды зерттеді. Сол жылы USAID осындай адамдарға баса мән беретін ауқымды бағдарлама бастады. Он екі үкіметтік емес ұйым USAID -тің көмегімен егілетін нашақорларға арнап олардың құрдастары өткізетін бағдарламаларды немесе байланыс орнату арқылы жүретін ағартушылық жобаларын ұйымдастырды және салауатты өмір салтына үндеп, презерватив қолдануға шақыру шарасы өткізілді. Қатер ең көп төнетін топтарға 1 500 000-нан астам презерватив арзан бағаға сатылды. Қарағанды мен Алматыда әріптес ағартушылар мен мұғалімдер 29 000-нан астам жоғарғы сынап оқушыларына АИВ/ЖИТС пен

нашақорлықтың төндіретін қауіпі туралы білім берді. Жастардың денсаулығына қатысты алты оқу модулі USAID-тің көмегімен қалыптастырылып, Астанадағы Мемлекеттік медициналық академия мен Ақтөбедегі Батыс Қазақстан медицина академиясының оқу бағдарламасына енгізілді. USAID -тің көмегімен әзірленген АИВ-тың алдын алу туралы дайындық бағдарламасын 2007 жылы Алматы қалалық кеңесі орта мектептерде пайдалануға мақұлдады.

2004 жылы Павлодар мен Қарағанды облыстарындағы пилоттық жоба жүргізілген мекендерде АИВ/ЖИТС-тың анадан балаға жұғуының алдын алу бағдарламасын бастады. Бағдарлама аясында жергілікті дайындық орталығы мен Қарағанды облысы, Теміртау қаласында клиника филиалы жұмыс істеді. USAID Қазақстанға ЖИТС-тың анадан балаға жұғуының алдын алуға қажетті дәрілерді бір жыл бойы тегін алу бағдарламасына қатысуға көмектесті. 2006 жылы аурудың жұғу көрсеткіші Павлодарда 10 пайыздан 5 пайызға төмендесе, Қарағанды облысында 11 пайыздан 4 пайызға азайды. USAID ұлттық ЖИТС-ты бақылау шараларына басшылық етуді, ЖИТС-ке байланысты көрсетілетін қызмет түрлерінің сапасын, ЖИТС пен туберкулезге қарсы күресті және антиретровирустық терапиясын жақсартуға да көмектеседі.

Қазақстанда АИВ-тың кеңінен жайылуы мен сол індетке байланысты қылық факторлары туралы дерек жинап, талдауға көмектесу мақсатында, USAID 2003 жылы «Аурудың алдын алу мен бақылау орталығы» арқылы Қазақстан

үкіметіне тиімдірек бақылау жүйесін орнатуға жәрдем берді. АИВ ең көп тараған Қарағанды, Павлодар, Шымкент және Орал қалаларында төрт «күзет» немесе бақылау орны құрылды. USAID құрал-жабдықпен қамтамасыз етіп, АИВ/ЖИТС-ты бақылау мамандарына дайындық курсы өткізді. Бұндай көмек саясаткерлер үрдістерді жылдам талдап, толық хабар алып барып шешім қабылдауы үшін Қазақстанға АИВ/ЖИТС індетінің жағдайы туралы жарамды, ғылыми тұрғыдан мықты дерек жинауға мүмкіндік туғызды. Қазақстан үкіметі 2007 жылы USAID -тің «күзет-бақылау» орындарын Алматы мен Астана және он облыста ашты.

USAID -тің техникалық жәрдемі Қазақстанға «ЖИТС, туберкулез және безгек ауруларымен күрестің ғаламдық қорынан» АИВ/ЖИТС-қа қарсы шараларды қаржыландыруға қажетті 35 миллион АҚШ доллары грантын жеңіп алуға көмектесті.

Індетке дайындық

USAID Қазақстан үкіметіне пәрменді түрде құс тұмауының алдын алу және соған орай іс-қимыл стратегиясының негізін қалауға көмектесуде. Орталық Азияда орын алған құс тұмауының жалғыз бір құжаттандырылған жайытына орай әрекеттенген «Аурудың алдын алу мен бақылау орталығы» USAID -тің «Қолданбалы эпидемиологияға дайындау» бағдарламасына қатысып жүрген қазақстандық эпидемиологтармен бірлесіп, Маңғыстау облысында жабайы құстар арасында тұмау ауруын анықтау бойынша жұмыс істеді. USAID



Егор орта мектепті он бес жасында тастап, төрт техникалық училищесін де тастады. Бос уақытын достарымен Рабочий Поселок аулында сыра ішумен, марихуана шегумен өткізетін. Алматы қаласының Жетісу ықшамауданында USAID қолдаған Жастарды қолдау орталығына келе бастады. Бір күні оған брейк биін үйрену сабақтарын алу ұсынылды, орнына есірткімен әуестену едетінен арылу сабақтарына бару керек болды. Біраз уақыттан кейін Егор орталыққа достарын әкеле бастап, ең белсенді ерікті болды.

Capacity суреті

пен Ауылшаруашылық министрлігі мәселенің ветеринарлық тұстарына, облыстық деңгейде фермаларды тексеруге, байланыс стратегияларына және құс тұмауымен адам ауырған жағдайға клиникалық тұрғыдан дайын болуға баса мән беріп, ұлттық дайындыққа көмектесетін екі жобаны даярлады. 2007 жылға дейін барлық 14 облыстың 600 мал дәрігері мен зертхана маманы USAID -тің көмегімен құс тұмауын бақылауға, биологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге және есеп беруге үйретілді. Сонымен қатар, USAID 272 қоғамдастықтағы 8000 үй ішіне қоғамдық ақпарат материалдарын таратты. Соңғы шараны Қазақстан үкіметі елдің түкпір-түкпірінде жалғастырды.

Медициналық білім

Елдің медициналық білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында, USAID -тың «Дәрігерлердің әріптестіктері» бағдарламасы қазақстандық және америкалық медициналық ұйымдары арасында серіктестік орнатты. Бұл әріптестер оқу бағдарламасын жасау және жүзеге асыру, профессорлар мен оқытушылардың педагогикалық машықтарын жетілдіру, ғылыми-зерттеу қабілетін арттыру, клиникалық машықтарға баулу, стандарттандырылған білім тестілерін қалыптастыруда жұмыс істеп, профессорлар мен оқытушыларды, студенттерді компьютермен жұмыс істеуге үйретті. Медициналық білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында USAID профессорлардың оқу сапарларын қаржыландырып, нәтижесінде олардың Қазақстан медициналық білім

беру жүйесін реформалау туралы тұжырымдамаға ұсыныстары 2007 жылы енгізілді.

Алматыдағы Қазақстан қоғамдық денсаулық сақтау институты қазақстандық болашақ денсаулық сақтау менеджерлерін даярлау ісін жақсартуға жәрдем алды. Алматы мен Вирджиния штаты Ричмонд қаласының денсаулық сақтау ұйымдарының арасындағы USAID қаржыландырған әріптестіктің арқасында қазіргі қысқа курстардың мазмұны жақсарып, жаңа курстар дайындалды. Сондай жаңа курстардың қатарында денсаулық сақтау мекемелерінің менеджерлеріне арналған менеджмент туралы сертификат бағдарламасы мен қашықтан оқыту бағдарламасы да бар. 2007 жылға дейін аталмыш оқу орнында 9000-нан астам денсаулық сақтау маманы менеджмент курстарына қатысты. Сонымен бірге, институт USAID -тің көмегімен 26 курстан құралған денсаулық сақтау әкімшілігі магистрі және қоғамдық денсаулық сақтау магистрі бағдарламасын қалыптастырып, 80-нен артық магистрантты даярлады. Денсаулық сақтау министрлігі денсаулық сақтау қызметін зерттеу саласы, қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша докторантура мен магистратура оқу бағдарламасын қалыптастырып, мақұлдады.

USAID -тің бастапқыда көрсеткен қолдауымен, Қазақстан қоғамдық денсаулық сақтау институты қазақстандық және халықаралық тұлғаларға белсенді түрде ғылыми-зерттеу қызметін көрсетіп, Денсаулық сақтау министрлігіне денсаулық

сақтау саясаты туралы талдама беруде мердігерлік қызмет атқарды. USAID қаржыландырған өзге бір әріптестіктің нәтижесінде, Семей медициналық академиясы мен Бэйлор медицина колледжінің арасында ұзақ ынтымақтастық орнатылып, екі оқу орны бірлесіп, Семейде ісік ауруларының кеңінен таралу себебін зерттеді. Аймақта медициналық зерттеу жұмыстарын жариялайтын «Орталық Азия денсаулық сақтау қызметтерін зерттеу» журналы Қазақстанда ресми тіркеліп, барлық Орталық Азия елдерінде бекітілді.

USAID қаржыландырған «Дәрігерлердің әріптестіктері» 2001 жылы Республикалық санитар-эпидемиологиялық стансаның жанынан Алматы инфекцияны бақылауға дайындау орталығын құруға және жабдықтауға көмектесті. Аталмыш орталық аурухананың өз ішінде болатын инфекциялардың алдын алу туралы қысқа курстар өткізіп, аурухананы бақылау және инфекциялардың алдын алу іс-тәжірибелеріне арналған стандарттандырылған рәсімдерді қалыптастырып, енгізді. «Дәрігерлердің әріптестіктері» жобасы Алматы дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында эпидемиология және аурухана инфекцияларының алдын алу туралы екі апталық курсты да енгізді. Сонымен қатар, USAID Денсаулық сақтау министрлігі 1999 жылы мақұлдаған инфекцияны бақылау туралы жаңа ережесін әзірлеуге де көмектесіп, инфекцияларды бақылау туралы жаңа заманғы тұжырымдамалар мен ережелерді қолдайды. Осы ережелерді енгізу және инфекцияларды бақылаудың жақсартылған іс-

2002 жылы Қарағанды облысы Теміртау қаласында, су арқылы таралатын індет үдей түсті. Облыстық Денсаулық сақтау Департаментінің эпидемиология бөлімінің басқарушысы Людмила Аликова USAID қаржыландыруымен ауруларды бақылау мен алдын-алып емдеу АҚШ орталығы өткізген, эпидемияны үдететін қоздырғыштарды анықтайтын курстарға қатысқан болатын. Семинарда алған білімің арқасында, дәрігер Аликова эпидемияның себебі ағынды сулардың қалалық су құбырлары жүйесіне араласуынан болғанын анықтады. Осындай қорытынды қалалық әкімшіліктің су құбырлар жүйесін дереу жөндеуіне, аурулар профилактикасында жаңа стандарттарды енгізуіне ықпал етті.

USAID суреті





Он алты жасар Маша жақында ғана жүре бастады, қазірде ол балдағын шетке қойып, өздігінен томат пен қияр егілген жүйектерді су сепкішпен суарып жүре алады. Машаның аяғы бала кезінен дұрыс дамымай қалған. Бірақ бес жылдан бері USAID қолдаумен жұмыс істейтін Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектепке барды. Сауғып шығу үшін тренажерларда жұмыс істеп, бассейнде жүзеді, ал уақытының көбін көкөніс өсіруімен өткізеді. Ол көкөніс жақын базарларда сатылады. «Бұл жерде өзімді сау және сенімді сезінемін»- дейді Маша

Каунтерпарт суреті

тәжірибелері Қазақстанда ауруханалық инфекциялармен ауыру жайттарын 1999 жылғы 765-тен 2005 жылғы 590-ке азайтуға себеп болды.

USAID қоғамдық денсаулық сақтау ісінде қабілеттілік деңгейін жақсарту үшін «АҚШ Аурудың алдын алу мен бақылау орталығы» іске асыратын, аймақтық, екі жылдық «Қолданбалы эпидемиологияға дайындау бағдарламасын» қаржыландырады. Қазақстандық он екі эпидемиолог эпидемиология, биостатистика, халықтың денсаулығын бақылау және індеттің жайылуын тексеру туралы оқу-дайындық бағдарламасын тәмамдады немесе оған қатысуда.

Медбике мамандығын дамыту

Медбикелік білім мен іс-тәжірибесін реформалау мақсатында, USAID қаржыландырған медицина саласындағы әріптестіктер оқу бағдарламасын жаңғыртуға, оқытушылардың білімін шыңдауға, медбикелер арасында көшбасшылықты нығайтуға және олардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге көмектесті. Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы медбикелер ұйымы – «Семей медбикелер қауымдастығын» құруға жәрдем берілді. Ұйымның 2000-нан астам мүшесі бар. Ол медбикелерді басқару мен жетекшілік ету және өзге сан алуан тақырыптар бойынша дайындық курстарын өткізеді. USAID медбикелерді оқыту бағдарламасын өзгертуге және Алматы медициналық колледжінде бас медбикелерге арналған бакалавриат бағдарламасын қалыптастыруға да көмек берді. АИВ/ЖИТС, медбикелік зерттеу жұмысы, денсаулықты бағалау, емделушілерге психологиялық көмек беру туралы жаңа материалдар Алматы медициналық колледжі мен Астана Мемлекеттік медбикелер колледжінің оқу бағдарламасына енгізілді. Оған қоса, Педиатрия институты өзінің медбикелеріне арнап үздіксіз білім беру және дайындық бағдарламаларын қалыптастырып, қолдануға жәрдем алды. Бұл төрт жылдық медбикелік оқу бағдарламасына негіз болды. «Қоғамдық денсаулық сақтау мамандарының ұлттық ұйымы» мен «Орталық Азия аймақтық медбикелер кеңесі» құрылды.

Жедел медицина

Алматы мен Аризона штаты Туссон қаласы ауруханаларының арасындағы USAID қаржыландырған әріптестіктің нәтижесінде 1994 жылы Алматы қалалық жедел жәрдем ауруханасының жанынан Алматы жедел медицина қызметіне даярлау орталығы құрылды. Сол әріптестер ықылас білдірген алғашқы тыңдаушыларға 72 сағаттық арнайы курс өткізді. Уақыт өте, орталық Алматы дәрігерлердің білімін жетілдіру институтымен келісімге отырып, институттың атынан курстар өткізіп, елдің түкпір-түкпірінен келген мамандарға бағдарламалар ұсынды. Аталмыш орталық 2006 жылға дейін ауруханаға жұмысқа бармақ немесе ауруханада қызмет етіп жүрген 6000-ға жуық маманға, жедел жәрдем мәшинелерінің жүргізушісіне, өрт сөндірушіге және бортсерікке оқу-дайындық курстарын өткізді. Оған қоса, 2002 жылға дейін Жедел жәрдем ауруханасының Қалалық лапароскопия орталығында дәртүрлі операциядан аман қалмайтын емделушілерге 2500-ден астам лапароскопиялық операция жасалды. Нәтижесінде, емделушілердің ауруханада жатуы 14 күннен 3 күнге қысқарды.

USAID қаржыландырған дәрігерлер әріптестігі 1994 жылы «Токсикологиялық ақпарат орталығын» құрып, жабдықтауға көмектесті. Орталық 1999 жылдың аяғында министрдің бұйрығымен Республикалық токсикология орталығы болып белгіленді. Содан бері, ол бүкіл елді қамту ниетімен Қазақстанның бірнеше облыстарында бөлімшелерін ашты.

Онкология

USAID «Дәрігерлік әріптестік» атты бағдарламасы арқылы 1997 жылы көп кешікпей Өскемен мен Павлодарды қамтыған Семей ісік ауруларының тіркелімін қалыптастырды. 2001 жылдың орта тұсында тіркелімде 7000-нан астам дерек болды. Осы жұмыстың негізінде «Ісік аурулары тіркелімдерінің аймақтық қауымдастығы» құрылды. USAID емделуші қарапайым дәрігерлік тексерудің бір бөлігі ретінде ісік ауруларының түрлерін анықтау нысандарын енгізуге, лейкемиямен сырқат балалардың ата-аналарына арналған ағартушылық бағдарламасы –«Балалардың лимфобластический

лейкемиясын емдеу нұсқауларын» қалыптастыруға және ісік ауруларының алдын алу бағдарламаларын дамытуға көмектесті. Патологтар лейкемия ауруы жағдайларына арналған нұсқаулар бойынша дайындықтан өткізіліп, ісік ауруларының тіркелімімен жұмыс істеуге үйретілді. USAID -тің көмегімен, Қазақстанға америкалық ұйымдар құны 120 000 АҚШ доллары тұратын, лейкемия мен өзге ісік ауруларына арналған дәрі-дәрмек берді.

Денсаулық сақтау YEҰ-дары: Дені сау қоғамдастықтар үшін

Денсаулық сақтау мамандары мен қоғамдастықтарды өз отандастарының денсаулығын жақсарту ісіне белсенді атсалысуға жігерлендіру мақсатында, USAID Қазақстанда денсаулық сақтау секторының бірқатар үкіметтік емес ұйымдарына (YEҰ-дар) көмек көрсетті. USAID 2000-2002 жылдары денсаулық сақтау секторындағы алты ірі YEҰ-ды: «Семей отбасы дәрігерлерінің қауымдастығын», «Туберкулезден емделушілердің қоғамдық ұйымын», «Қазақстан бірлестігін», «Семей мед-бикелер қауымдастығын», орта буын медицина қызметкерлерінің «Мейірім» қоғамдық ұйымын және «Жезқазған отбасы дәрігерлерінің қауымдастығын» нығайтуға жәрдемдесті. Аталған соңғы ұйым USAID -тің көмегімен елде алғаш құрылған денсаулық сақтау YEҰ-дарының бірі болып табылады. Берілген сондай жәрдемге ішінара байланысты, «Семей отбасы дәрігерлерінің қауымдастығы» жергілікті атқарушы органдарды 2003 жылы дәрігерлік

қызметті жақсарту алуы үшін емделуші басына төленетін жылдық қаржыны 20% өсіруге көндіре алды. «Туберкулезден емделушілердің қоғамдық ұйымы» болса, ата-аналары туберкулезден емделуге уақытша ауруханаға орналастырылған балаларға арналған орталық ашуға қаржы алды.

USAID 2002-2005 жылдар аралығында шекара аймақтарында тұратын 3000-нан астам жасөспірімдер арасында ойындар мен жазғы лагерь ұйымдастырып, жекебас денсаулығы туралы түсініктерін кеңейтуде жұмыстар атқарды. USAID -тің қолдауымен қоғамдастықтар спорт алаңдары мен залдарын жөндеп, шамамен 10 000 мектеп оқушысына игілігін тигізді. Қоғамдастықтар осы жобалардың құнының орта есеппен 64% өтесе, қалған бөлігін USAID мойнына алды. Сонымен бірге, USAID балалардың компьютерлерді пайдаланып, денсаулық және өзге тақырыптар бойынша үздіксіз оқып-білуі үшін Жамбыл аудандық денсаулық сақтауды жетілдіру орталығында компьютерлік байланыс орнын ашты.

USAID -тің «Дені сау қоғамдастықтар» атты гранттық бағдарламасы 2003 жылдан 2006-ға дейін елдің түкпір-түкпірінде жергілікті қоғамдастықтардың денсаулық сақтау бастамаларына қолдау болды. Қоғамдастықтар USAID -тің көмегімен жергілікті денсаулық мәселелерін анықтап, шешті, сөйтіп USAID жергілікті ұйымдардың осы саладағы бастамаларын жүзеге асыру мүмкіншілігін арттырды. Қоғамдастықтардың бастамашыл топтарына және YEҰ-дарға жетпіс үш грант беріліп, 320 000-нан астам адамға пайдасы тиген денсаулық сақтау жо-

баларына демеушілік көрсетілді. Оған қоса, 600-ден астам қоғамдастық өкілі өз қажеттіктері мен басым бағыттарын анықтауға, жобалар қалыптастыруға және өз жетістіктерін бағалауға үйретілді.

Алматы облысының Туберкулезге қарсы диспансерінің директоры мен бас дәрігері Құрманғазы Бег-Али былай дейді: - «USAID менің кәсіби машығымды жетілдіріп, белсенді азаматтық ұстанымға ие болуыма көмектесті». Осы диспансерде емделген ата-аналардың балаларына арналған орталық жұмыс жасайды. USAID өткізген медициналық MEҰ басшыларына арналған оқытудан кейін Бег-Али жергілікті әкімшіліктен Балалар Орталығын қосымша қаржыландыруға қол жеткізді.

Білім арқылы дамыту Академиясының суреті (AED)



2008 ЖӘНЕ ОДАН KEЙІН: БОЛАШАҚ ЖОСПАРЛАР

Көптеген халықаралық мамандар Қазақстанға 1992 жылдан бері USAID бағдарламалары аясында ұлттық реформалар мен алуан секторларға кеңестік қызмет көрсетуде. USAID -тің басты мақсаттарының бірі – қазақстандық азаматтардың қабілеттілігін арттырып, осы үрдістерді сыртқы көмексіз жалғастыра алуына көмектесу. Жергілікті азаматтардың қабілеттілігін жетілдіруге көмектесу мақсатында,

USAID өткен он бес жыл ішінде 14 000 қазақстандық маманға аймақта және АҚШ-та оқу-дайындық курсынан өту мүмкіндігін берді. Конференциялар, семинарлар, оқу сапарлары және техникалық ақыл-кеңес беру отырыстары жергілікті мамандарға үздік халықаралық іс-тәжірибелермен танысып, оларды өз жұмыстарына қолдануға мүмкіндік берді.

Оған қоса, сан алуан ұйымдарға құрылуға, оларға маңызды қызмет түрлерін көрсетуге немесе тиісті секторлардың одан әрі дамуына үлгі болуға қолдау көрсетілуде. Осындай мамандар мен ұйымдар Қазақстанның өркендеуіне маңызды үлес қосуда.

USAID елдің басым бағыттарын іске асыруына көмектесуде Қазақстан үкіметімен, жекеменшік және үкіметтік емес секторлардағы қауымдастықтармен бірлескен жұмысын жалғастыруда. Ел экономикалық тұрғыдан нығайған сайын, USAID даму жобаларын қаржыландыруды жергілікті қауымдастықтарға тапсыру жолдарын анықтаумен айналысуда.

USAID пен Қазақстан үкіметі 2006 жылы келісімге қол қойды; бұл келісімнің негізінде Қазақстан USAID бағдарламаларын бірлесіп қаржыландырады. Сондай-ақ, USAID өзге бірлестіктерді – жергілікті және халықаралық компанияларды немесе ұйымдарды – даму жобаларында әріптес болуға тарту жолдарын іздестіруде. Бірнеше жыл бойы бірқатар әйгілі компаниялар USAID -пен бірлесіп, Қазақстанда денсаулық сақтау, экономика және азаматтық қоғамды дамытуға күш салып келеді. USAID олардың бағалы үлесіне ризашылық білдіреді және Қазақстан халқының игілігі үшін Қазақстан үкіметі, жекеменшік сектор және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеуге әрдайым өзір.



2006 жылы жастар MEY лидерлері АҚШ-қа 3 аптаға созылған оқу турына барды. Қостанай, Шығыс Қазақстан, Тараз, Шымкент өкілдері Американдық MEY жұмысы, қаржыландыруы, қайрымдылық, салық жүйесі, атқаратын қызметі мен мемлекет пен байланысы жайлы мағлұмаь алды. Қатысушылар өздерінің MEY қажетті материалдар сатып алды, ұқсас салаларда қызмет ететін ұжымдармен кездесті. Қатысушылардың бірі Анара Жакупова: «Әсіресе қайрымдылық пен грант ұсынымдарын құрастыру уйретуі ұнады. Мен білімімді өз MEY қайрымдылық ақша жинауда қолданамын»- дейді.

Коммюнити Коннекшсз суреті



USAID қаржылындыруымен Еуразия Фаундейшн жеке меншік кәсіпкерлікті, азаматтық қоғамды, тәуелсіз бұқаралық ақпараттар құралдарын, қоғамдық басқаруды, жергілікті және мемлекеттік гранттық білімді қолдайды.

Еуразия Фаундейшн суреті

АҚШ Халықаралық Даму Агенттігі (USAID)
Орталық Азия Республикаларындағы
Аймақтық миссиясы
41 Қазыбек Би көшесі, Алматы
Тел.: 7-727-250-76-12
<http://centralasia.usaid.gov>